



Еңбек қауіпсіздігі және
еңбекті қорғау жөніндегі

НОРМАТИВТІК АКТІЛЕР

НОРМАТИВНЫЕ АКТЫ

по безопасности и охране труда

№ 2 (122) 2021

- Өндіріс қалдықтарымен жұмыс істеу бойынша жаңа санитариялық-эпидемиологиялық талаптар бекітілді
- Міндетті медициналық тексерулердің тәртібі мен кезеңділігін айқындайтын жаңа Қағидалар қабылданды
- Бұдан басқа, тексеру тағайындау және ұзарту туралы актілерді және бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тіркеу жөніндегі жаңа қағидалар енгізілді. Жаңа құжат тексеруге дайындалуға және қандай қауіптер бар екенін түсінуге, оларды уақытында жоюға көмектеседі
- Утвердили новые Санитарно-эпидемиологические требования по работе с отходами производства
- Приняли новые Правила, которые определяют порядок и периодичность обязательных медосмотров
- Кроме того, ввели новые правила по регистрации актов о назначении и продлении проверки и профилактического контроля и надзора с посещением субъекта контроля. Новый документ поможет подготовиться к проверкам и понять, какие риски есть, чтобы вовремя их устранить

Электронная система
«ACTUALIS: Кадровое дело»

Получите демо-доступ **БЕСПЛАТНО**
на сайте www.vip-kadry.mcfr.kz

НОВОЕ в электронной системе:

- На каком языке должен быть составлен трудовой договор?

ISSN 1996-2053



9 177 1996 205007

Получите годовой доступ
к справочной системе

«ACTUALIS: Кадровое дело»

тариф VIP по цене 2020 года



Период действия акции:
с 1 по 28 февраля 2021 года
<https://vip-kadry.mcfr.kz/>

**ДЕМО-ДОСТУП
БЕСПЛАТНО
на 3 дня**

Собственник: ТОО «МЦФЭР–Казахстан»
Генеральный директор – Т. С. Бектурсынова
Редакция тематического направления
«Охрана труда, кадры и делопроизводство»:
Руководитель тематического направления –
С. Е. Сергеенко

email: otk@mcfz.kz
Главный редактор – С. А. Крафт
Литературный редактор текстов
на казахском языке – Ж. К. Ахметжанова
Редактор по работе с текстами – А. Сингирова
Руководитель отдела верстки – А. Х. Дербесова
Адрес редакции: 050009, г. Алматы,
ул. Шевченко, уг. ул. Радостовца, 1656/72г,
офис 712
тел. +7 (727) 323-62-29 (вн. 117)
e-mail: otk@mcfz.kz
www.kadry.mcfz.kz

Отдел маркетинга
Ведущий бренд-менеджер – С. Талгатов
тел. +7 (727) 323-62-29 (вн. 135)
email: bm2@mcfz.kz

Отдел адресной подписки и сбыта
тел./факс: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13
e-mail: sbyt@mcfz.kz, info@mcfz.kz

Менеджер по работе с клиентами –
Д. А. Тойчибеков
тел.: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13 (вн. 127)
email: sb1@mcfz.kz

Менеджер по работе с клиентами –
Г. Е. Жантикеева
email: support@mcfz.kz
тел.: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13 (вн. 129)

Подписку можно оформить:

- по online-заявке – www.kadry.mcfz.kz
- в редакции в отделе адресной подписки
- по каталогам (подписной индекс – 74315)
– «Казпочта»: почтовые отделения
– «Евразия-пресс»: тел. +7 (727) 382-34-87
– «Эврика-пресс»: тел. +7 (727) 233-76-19

Свидетельство о постановке на учет СМИ
№ 10771-Ж от 11.03.2010 г. выдано Комитетом
информации и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан.
Мнение редакции может не совпадать
с мнением авторов.

*Перепечатка материалов, опубликованных
в журнале, допускается только с письменного
согласия редакции.*

*Представленные тексты нормативных право-
вых актов идентичны
официально опубликованным версиям.*

Редакция не несет ответственности
за содержание рекламных материалов.
PR-материал публикуется на правах рекламы.
Претензии по опубликованной рекламе принимаются
в течение 10 календарных
дней со дня выхода номера.

ТОО «МЦФЭР–Казахстан».
Юридический адрес: 050009, г. Алматы,
ул. Шевченко, уг. ул. Радостовца, 1656/72г,
офис 712.

© ТОО «МЦФЭР–Казахстан», 2021

Уважаемые читатели!

Обо всех проблемах, связанных с доставкой журнала,
вы можете сообщать по e-mail: sbyt@mcfz.kz,
info@mcfz.kz или по тел.: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13



МЦФЭР–Казахстан

№ 2 (122) 2021

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі

НОРМАТИВТІК АКТІЛЕР

НОРМАТИВНЫЕ АКТЫ

Журнал издается с 2011 года
Периодичность – 1 раз в месяц

по безопасности и охране труда

**«Еңбек қауіпсіздігі
және еңбекті қорғау
жөніндегі нормативтік
актілер» журналының
редакциялық кеңесі:**

**Редакционный совет
журнала
«Нормативные акты
по безопасности и охране
труда»:**

**Беккер
Владимир Робертович,**
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
Төтенше жағдайлар
жөніндегі комитетінің
төрағасы

**Беккер
Владимир Робертович,**
председатель Комитета по
чрезвычайным ситуациям
Министерства внутренних
дел Республики Казахстан

**Сәдуақасов
Нұрқан Олжабайұлы,**
Қазақстан Республика-
сы Денсаулық сақтау
министрлігінің Тауар-
лар мен көрсетілген
қызметтердің сапасы
мен қауіпсіздігін бақылау
комитеті төрағасының
орынбасары

**Садвакасов
Нуркан Олжабаевич,**
заместитель председателя
Комитета контроля качес-
тва и безопасности това-
ров и услуг Министерства
здравоохранения Респуб-
лики Казахстан

**Құнанбаев
Нұрбек Сейітқамзаұлы**
«Серіктес» апаттан
құтқару қызметі» ЖШС-нің
директоры

**Кунанбаев
Нурбек Сейтқамзинович,**
директор ТОО «Аварийно-
спасательная служба
«Серіктес»»



Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, еңбек заңнамасы, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, әлеуметтік және міндетті сақтандыру, халықты әлеуметтік қорғау және санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мамандарға арналған кәсіптік басылым

МАЗМҰНЫ

МАМАННАН СҰРАҢЫЗ

ҚТ және ЕҚ инженері эколог міндеттерін орындауға міндетті ме және ұйым басшылығын экологтың штаттық бірлігін енгізу қажет екендігіне қалай сендіруге болады?

3

ЗАҢНАМАҒА ШОЛУ

«Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары бекітілді

5

БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актілерді, олардың мерзімдерін ұзарту және күшін жою туралы қосымша актілерді тіркеу қағидалары

11

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

Міндетті медициналық қарап-тексеруді жүргізу және «Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өту» мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары мен кезеңділігі

23

САЛАЛЫҚ БІЛІКТІЛІК ШЕҢБЕРЛЕРІ

Электр қондырғыларының техникалық жай-күйін және оларды пайдалану қауіпсіздігін бақылау үшін электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді жүзеге асыратын ұйымдар басшыларының, мамандарының техникалық пайдалану қағидалары мен қауіпсіздік техникасы қағидаларын білуіне біліктілік тексерулер жүргізу қағидалары

35

САНИТАРИЯЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕР ЖӘНЕ ГИГИЕНАЛЫҚ НОРМАТИВТЕР

2021 жылы санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды қалай жүргізу керек

46

Профессиональное издание для специалистов в сфере безопасности и охраны труда, охраны окружающей среды, трудового законодательства, промышленной и пожарной безопасности, социального и обязательного страхования, санитарно-эпидемиологического благополучия и социальной защиты населения

СОДЕРЖАНИЕ

СПРОСИТЕ СПЕЦИАЛИСТА

Обязан ли инженер ТБ и ОТ выполнять обязанности эколога и как убедить руководство организации, что необходимо ввести штатную единицу эколога?

50

ОБЗОР ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА

Утверждены Санитарные правила «Санитарно-эпидемиологические требования к сбору, использованию, применению, обезвреживанию, транспортировке, хранению и захоронению отходов производства и потребления»

52

КОНТРОЛЬ И НАДЗОР

Правила регистрации актов о назначении, дополнительных актов о продлении сроков проверки и профилактического контроля и надзора с посещением субъекта (объекта) контроля и надзора и их отмены

58

ОХРАНА ЗДОРОВЬЯ

Правила и периодичность проведения обязательных медицинских осмотров и оказания государственной услуги «Прхождение предварительных обязательных медицинских осмотров»

70

ОТРАСЛЕВЫЕ РАМКИ КВАЛИФИКАЦИЙ

Правила проведения квалификационных проверок знаний правил технической эксплуатации и правил техники безопасности у руководителей, специалистов организаций, осуществляющих производство, передачу электрической и тепловой энергии, для контроля технического состояния и безопасности эксплуатации электроустановок

82

САНИТАРНЫЕ ПРАВИЛА И ГИГИЕНИЧЕСКИЕ НОРМАТИВЫ

Как проводить санитарно-противоэпидемические мероприятия в 2021 году

93

ҚТ және ЕҚ инженері эколог міндеттерін орындауға міндетті ме және ұйым басшылығын экологтың штаттық бірлігін енгізу қажет екендігіне қалай сендіруге болады?

Жауап береді: А. А. Әшіров, еңбекті қорғау және еңбек қатынастары мәселелері жөніндегі тәуелсіз сарапшы, «ACTUALIS: Кадрлық іс» электрондық жүйесінің сарапшысы



Ұйымда ҚТ және ЕҚ инженерінің лауазымдық нұсқаулығына қауіпті қалдықтарды кәдеге жарату, шығарындылар бойынша тоқсандық есептер, ҚТҚ, қауіпті қалдықтар бойынша тоқсандық есептерді жасау, 2 ТП – ауа нысаны бойынша есептер, шығарындылар бойынша жартыжылдық мониторинг кіретін экологтың міндеттері енгізілді. ҚТ және ЕҚ инженері экологтың міндеттерін орындауға міндетті ме және ұйым басшылығын экологтың штаттық бірлігін енгізу қажет екендігіне қалай сендіруге болады?

Ұсынылған сұраққа жауап бере отырып, бірінші атап өту керек – егер сіз өз ұстанымыңыздың негізділігін дәлелдегіңіз келсе, мұны Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (*бұдан әрі мәтін бойынша – ҚР ЕК*), еңбек қатынастары немесе олармен тікелей байланысты қатынастар саласын реттейтін басқа да нормативтік-құқықтық актілердің ережелері мен талаптарына сүйене отырып қана жасауға болады.

Енді мәселенің мәні бойынша толығырақ.

ҚР ЕК 1-бабы 1-тармағының 28) тармақшасына сәйкес, еңбек міндеттері – жұмыскер мен жұмыс берушінің Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде, жұмыс берушінің актісінде, қабылдаушы тараптың актісінде, еңбек, ұжымдық шарттарда келісілген міндеттемелері.

ҚР ЕК 22-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, жұмыскер еңбек міндеттерін келісімдерге, еңбек, ұжымдық шарттарға, жұмыс берушінің актілеріне сәйкес орындауға міндетті.

Жұмыс берушінің жұмыскерлерден еңбек, ұжымдық шарттар талаптарының, еңбек тәртіптемесі қағидаларының және жұмыс берушінің басқа да актілерінің орындалуын талап етуге құқығы бар (ҚР ЕК 23-бабы 1-тармағының 5) тармақшасы).

Жұмыс берушінің актілері – жұмыс беруші шығаратын бұйрықтар, өкімдер, нұсқаулықтар, қағидалар, ережелер, ауысымдық кестелер, вахта кестелері, демалыс кестелері (ҚР ЕК 1-бабы 1-тармағының 41) тармақшасы.

Жұмыс беруші осы Кодекске және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, еңбек шартына, келісімдерге, ұжымдық шартқа сәйкес өз құзыреті шегінде актілер шығарады (ҚР ЕК 11-бабы).

Жұмыс беруші лауазымдық нұсқаулықтарды әзірлейді және бекітеді, онда орындалатын жұмыстардың нақты тізбесі көрсетіледі, қызметкерлерді қажетті арнайы даярлауға қойылатын талаптар белгіленеді. Әдетте, лауазымдық нұсқаулықта ұйымда белгілі бір лауазымға ие қызметкер орындайтын өкілеттіктер, міндеттер, жұмыстар ауқымы болады. Демек, қызметкердің лауазымдық нұсқаулықтары жұмысты орындау кезінде қызметкерлердің негізгі міндеттері мен функцияларын белгілеуі керек.

Әрі қарай. ҚР ЕК 111-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, жұмыскерлерге тапсырылатын қосымша жұмыстар жұмыскердің еңбек шартында (лауазымдық нұсқаулықта) көзделген өзінің негізгі жұмысымен қатар жұмыс күнінің (ауысымның) белгіленген ұзақтығы ішінде қосымша жұмысты орындауы – қызмет көрсету аймағын кеңейту арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Сұрақта ұсынылған жағдайда экологтың міндеттері ҚТЖЕҚ инженерінің лауазымдық нұсқаулығына енгізілген, сондықтан жауап авторының пікірінше ҚР ЕК-нің 111-бабының 2-тармағы 2) тармақшасының нормаларын қолдану мүмкін емес, өйткені аталған міндеттерді орындау қосымша емес, қызметкердің негізгі жұмысы болып табылады.

«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 ж. 22 сәуірдегі № 220-І Заңының 53-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес (егер сұрақ авторының кәсіпорнында ЖШС ұйымдық-құқықтық нысаны болса), жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жеке-дара атқарушы органы (директор, басқарушы және т. с. с.), серіктестік қызметкерлеріне қатысты оларды қызметке тағайындау туралы, оларды басқа жұмысқа ауыстыру және жұмыстан шығару туралы бұйрықтар шығарады, еңбекке ақы төлеу жүйелерін белгілейді, лауазымдық жалақы мен дербес үстемақылардың мөлшерін белгілейді, сыйақы беру мәселелерін шешеді, көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығымен бекітілген Басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығының 5-тармағына сәйкес біліктілік сипаттамасы өндірісті ұйымдастырудың ерекшелігін, еңбек және басқарудың, сонымен қатар олардың құқықтары мен жауапкершілігін ескере отырып, қызметкерлердің лауазымдық міндеттерінің нақты тізімінен тұратын лауазымдық нұсқаулықты әзірлеу үшін негіз болып қызмет етеді. Қажет болған жағдайда, нақты бір лауазымның сипаттамасына енгізілген міндеттер бірнеше орындаушылар арасында бөлінуі мүмкін.

Лауазым атауы өзгертілмей, қызметкердің міндеттерінің шеңбері ұлғайған жағдайда қызметкерге жұмыс мазмұны бойынша тектес, күрделілігі бойынша тең мағыналы, орындауы басқа мамандық пен біліктілікті қажет етпейтін басқа лауазымдардың сипаттамасында қарастырылған міндеттерді орындау жүктелуі мүмкін.

«Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары бекітілді

«Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м. а. 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығы

Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 100-бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ережесінің 16-тармағы 132-1) тармақшасына сәйкес «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары бекітілді.

Тұтыну қалдықтары мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) тұрмыстық қатты қалдықтар (*бұдан әрі мәтін бойынша – ТҚҚ*);
- 2) медициналық қалдықтар (*бұдан әрі мәтін бойынша – МҚ*).

Өндіріс қалдықтарын жинауды және уақытша сақтауды қызметінің нәтижесінде қалдықтар түзілетін объектілерді, ғимараттарды, құрылыстарды, құрылысжайларды және өзге де объектілерді пайдалану кезінде кейіннен қалдықтарды өздігінен шығару арқылы жеке және заңды тұлғалар немесе одан әрі залалсыздандыру, көму, пайдалану немесе кәдеге жарату үшін тиісті шарттар жасай отырып, мамандандырылған субъектілер жүзеге асырады.

Өндірістік объектілерде өндіріс қалдықтарын жинау және уақытша сақтау қалдықтардың қауіптілік сыныбына сәйкес келетін арнайы алаңдарда (орындарда) жүргізіледі. Қалдықтардың жиналуына қарай оларды қауіптілік сыныбына сәйкес қалдықтардың әрбір тобы үшін бөлек жинайды.

Қалдықтарды сақтау орнынан (алаңынан) тұрғын аумаққа дейін, өндірістік және коммуналдық мақсаттағы объектілерге дейінгі СҚА өлшемдері Ереженің 16-тармағының 132-1) тармақшасына сәйкес бекітілетін «Адамның денсаулығы мен мекендеу ортасына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық-қорғаныш

аймағын белгілеу бойынша санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларда белгіленген талаптармен айқындалады.

Қалдықтардың қауіптілік сыныбы халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерімен Кодекстің 9-бабының 12) тармақшасына сәйкес жүргізіледі.

Объекті шегінен тыс шығарылатын қалдықтың қауіптілік сыныбын айқындау әрбір қалдық түрлері үшін қалдық түзілген сәттен бастап үш ай ішінде жүргізіледі және оның технологиясы өзгерген немесе өзге де шикізат ресурстарына өткен кезде, сондай-ақ қалдықтардың химиялық құрамының өзгеруі мүмкін кез келген басқа жағдайларда қайта қарауға және жаңартуға жатқызылады. Жеке полигондарда жиналатын объектілердің қалдықтары да қауіптілік сыныбын анықтауға жатады.

Адам денсаулығына және қоршаған ортаға әсер ету дәрежесіне қарай қалдықтар қауіптіліктің бес сыныбына бөлінеді:

- 1) 1-сынып – өте қауіпті;
- 2) 2-сынып – қауіптілігі жоғары;
- 3) 3-сынып – қауіптілігі орташа;
- 4) 4-сынып – қауіптілігі аз;
- 5) 5-сынып – қауіпсіз.

Қалдықтарды кәдеге жарату, қайта өңдеу, сонымен қатар жоюмен айналысатын үшінші тұлғаға бергенше, қалдықтарды алты айдан аспайтын мерзімде жинақтауға және уақытша сақтауға жол беріледі.

Сұйық және газ түріндегі қалдықтар тұмшаланған ыдыста сақталады. Қалдықтардың жиналуына қарай объект аумағынан шығарылады немесе оны залалсыздандыруды өндірістік объектіде жүргізеді.

Қалдықтардың өнеркәсіп алаңдар (*бұдан әрі – өнеркәсіпалаң*) аумағындағы рұқсат етілетін мөлшері субъектілермен осы Санитариялық қағидаларға 4-тармағына сәйкес арнайы алаңның (орынның) қуатынан аспайтын дербес анықталады.

Арнайы салынған қалдық, қоқыс, шөгінді, күл жинауыштар мен үйінділер, қоршаған орта мен халықты қорғауды қамтамасыз ететін құрылысжайлар болған жағдайда, қалдықтарды жинауға, сақтауға және көмуге жол беріледі.

Қауіптіліктің 1-сыныбындағы қалдықтар тұмшаланған ыдыста (болат бөшкелер, контейнерлер) сақталады. Толуына қарай қалдықтар салынған ыдысты болат қақпақпен жабады, қажет болған кезде электрлі газбен дәнекерлейді және қауіпті қасиеттерін көрсете отырып, қауіпті қалдықтары бар қаптаманы таңбалауды қамтамасыз етеді.

Қауіптіліктің 2-сыныбындағы өндіріс қалдықтары агрегаттық күйіне сәйкес полиэтилен қаптарда, пакеттерде, бөшкелерде және зиянды заттардың (ингридиенттердің) таралуына кедергі болатын ыдыстардың басқа да түрлерінде сақталады.

Қауіптіліктің 3-сыныбындағы өндіріс қалдықтары жайылтпай сақтауды қамтамасыз ететін, тиеу-түсіру және көлік жұмыстарын орындауға мүмкіндік беретін және зиянды заттардың таралуын болдырмайтын ыдыста сақталады.

Қауіптіліктің 4-сыныбындағы өндіріс қалдықтары өнеркәсіптік алаңда конус тәрізді үйінді түрінде ашық күйінде сақталады, сол жақтан олар автотиегішпен автокөлікке

тиеледі және кәдеге жарату немесе көму орындарына жеткізіледі.

Қатты, оның ішінде сусымалы қалдықтар контейнерлерде, пластик, қағаз пакеттерде немесе қаптарда сақталады және олардың жиналуына байланысты полигонға шығарылады.

Қалдықтарды уақытша сақтауға арналған алаңды өндірістік объектінің аумағында ық жағына орналастырады. Алаңды қатты және уытты (қалдықтарды) заттарды өткізбейтін материалмен жабады, тазарту құрылыстары жағына қарай құйылыс құрылғысы және еңісі бар төсеніш төсейді. Алаң бетінде жиналған суларды жалпы жауын-шашын бұрғышына жіберуге жол берілмейді. Алаң бетінде жиналған сулар үшін уытты заттармен жұмыс істеуді, тазалауды және оларды залалсыздандыруды қамтамасыз ететін арнайы тазарту құрылыстары көзделеді. Алаңда қалдықтарды атмосфералық жауын-шашынның және желдің әсерінен қорғау көзделеді.

Уытты өндіріс қалдықтарын (қауіптіліктің 1 және 2-сыныбы) залалсыздандыруды уытты өндіріс қалдықтарын көму полигондарында жүзеге асырады.

Өндіріс қалдықтарын (қауіптіліктің 3 және 4-сыныбы) залалсыздандыру үшін өндіріс қалдықтарының бір бөлігін тиісті объектіде тұтыну қалдықтарымен бірге өңдеу және өндіріс қалдықтарының бір бөлігін ҚТҚ полигонында жинақтауға рұқсат етіледі.

Тасымалданатын қалдықтардың мөлшері көлік құралының жүк көлеміне сәйкес келеді. Өндіріс қалдықтарын тасымалдау кезінде оларды толтыру, тасымалдау, тиеу және түсіру орындарында қоршаған ортаны ластауға жол берілмейді.

Қауіптіліктің 1-сыныбынан 3-сыныбына дейінгі қалдықтарды тиеуге, тасымалдауға және түсіруге байланысты технологиялық процестер механикаландырылады.

Жартылай сұйық (паста тәрізді) қалдықтарды тасымалдауға арналған көлік құралы ағызуға арналған шлангы құрылғысымен жабдықталады.

Қатты және шаң тәрізді қалдықтарды тасымалдаған кезде көлік құралы қорғаныш қабықшамен немесе жабын материалымен жабдықталады.

Шаң тәрізді қалдықтарды барлық кезеңде: тиеу, тасымалдау, түсіру кездерінде ылғалдайды.

Қауіптіліктің 1 және 2-сыныбындағы өндіріс қалдықтарын тасымалдау кезінде көлік құралын басқаратын адамнан және жүкпен бірге жүретін персоналдан басқа бөтен адамдардың болуына жол берілмейді.

Қалдықтарды шикізат ретінде қолданатын объектілерде технологиялық процестерді автоматтандыру және механикаландырумен қамтамасыз етіледі.

Жұмыс істеп тұрған жылу электр орталықтарының (*бұдан әрі – ЖЭО*), жылу электр станцияларының (*бұдан әрі – ЖЭС*) күл-қоқыс үйінділерін/күл үйінділерін қоспағанда, оларды субъектінің өндірістік алаңының және елді мекен аумақтарының шегінен тыс орналастыру мүмкін болмаған кезде өнеркәсіптік қалдықтарды көму қауіптілік сыныптарына сәйкес субъектінің өндірістік алаңнан және елді мекендер аумақтарынан тыс жерде жүргізіледі.

Кәдеге жаратылмайтын қалдықтарды көму және жинақтау алаңдары елді мекеннің және өндіріс алаңының шегінен тыс, оның ішінде қайта салынып жатқан ЖЭО, ЖЭС үшін шеткері жерлерде орналастырылады.

Қауіптіліктің 2 және 3-сыныбындағы қатты және шаң тәрізді қалдықтарды, суда ерімейтін ұйтты ингредиенттерді көмуді өндіріс қалдықтары полигондарында жүзеге асырады. Қазаншұңқырларда қалдықтарды төгуді қабаттап тығыздау арқылы жүргізеді. Қазаншұңқырлардағы қалдықтардың ең жоғары деңгейінің қазаншұңқырлар аумағына іргелес жоспарланған белгіден төмен кемінде 2 метр (*бұдан әрі – м*) көзделеді.

Қазаншұңқырларды жабдықтау кезінде қазаншұңқырларға іргелес аумақтың ені кемінде 8 м көзделеді. Топырақтың сүзгілеу коэффициенті тәулігіне 6–10 метрден (*бұдан әрі – м/тәу*) аспағанда көмуге жол беріледі.

Шаң тәрізді қалдықтарды көмуді осы қалдықтардың желмен таралуын болдырмауға кепілдік беретін іс-шараларды ескере отырып, қазаншұңқырларда жүргізеді. Қазаншұңқырларға шаң тәрізді қалдықтарды әрбір тиегеннен кейін оларды қалыңдығы кемінде 20 сантиметр (*бұдан әрі – см*) топырақпен оқшаулайды.

Суда еритін ұйтты заттары бар қауіптіліктің 2 және 3-сыныбындағы қатты және паста тәрізді қалдықтарды көмуді «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңының 20-бабының 23-16) тармақшасына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер (*бұдан әрі – сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер*) сәйкес түбі және бүйір қабырғалары оқшауланған қазаншұңқырларда жүзеге асырады.

Қазаншұңқырдың көмілген учаскесін топырақтың тығыздалған қабатымен жабады, оның үстінен қазаншұңқырдың қалған бөлігін толтыру үшін қалдықтарды тасымалдау жүзеге асырылады. Қалдықтарды топырақтың тығыздалған қабатымен тасымалдағанда оны бұзуға жол берілмейді.

Нашар еритін ұйтты заттары бар қауіптіліктің 1-сыныбындағы қалдықтарды көмген кезде олардың топыраққа және жерасты суларына көшуін болдырмау бойынша мынадай шаралар қолданады:

1) қазаншұңқырлардың түбі мен бүйір қабырғаларын сүзгілеу коэффициенті 10 м/тәу аспайтын кемінде бір метр балшық қабатымен қоршау;

2) қосылған жерлерді битум, гудрон немесе басқа да су өткізбейтін материалдар құю арқылы қазаншұңқырлардың түбіне бетон плиталар төсеу және қабырғаларын бекіту.

Қауіптіліктің 1-сыныбындағы суда еритін қалдықтарды көму қазаншұңқырларда болат контейнерлерде немесе бетон қораптарға салынатын, оларды толтырғанға дейін және одан кейін тұмшалануын екі рет бақылай отырып, қабырғаларының қалыңдығы кемінде 10 миллиметр (*бұдан әрі – мм*) баллондарда жүргізіледі.

Қауіптіліктің 4-сыныбындағы өндіріс қалдықтарын тұтыну қалдықтарымен бірге соңғысын көметін жерлерде біріктіруге немесе оқшаулағыш материал немесе аумақты жоспарлау жұмыстары кезінде пайдалануға жол беріледі.

Қалдықтармен толтырылған қазаншұңқырларды қалыңдығы 2 м тығыздалған топырақ қабатымен оқшаулайды, содан кейін гудроннан, тез қатаятын шайырдан, цементті гудроннан жасалған су өткізбейтін жабынмен жабады.

Су өткізбейтін жабындар және тығыздалған қабаттар қазаншұңқырларға іргелес аумақтардан шығып тұрады. Су өткізбейтін жабындар қазаншұңқырлардың габаритінен

әрбір жағынан 2–2,5 м шығып тұрады және көрші тұрған қазаншұңқырлар жабындарымен түйістіріледі. Түйіскен жерлер қазаншұңқырлар бетіндегі жауын-шашын және еріген суларды арнайы буландыратын алаңға жинауға және шығаруға мүмкіндік беретіндей етіп жасалады.

Қазаншұңқырлардың оқшаулайтын жабындарын, су бұратын арналарын жабдықтау бойынша жұмыстарды ұйымдастыруды оларды толтыру тәсілімен әр нақты жағдайда учаскенің бедері мен гидрогеологиялық жағдайларын ескере отырып шешеді.

Жағуға жататын өндіріс және тұтыну қалдықтарын заласыздандыру кезінде шығарылған газдарды толық жағатын камера арқылы жұмыс режимі кемінде плюс (*бұдан әрі* – «+») +1000 – +1200 градус Цельсий температурада жұмыс істейтін пештерді (инсинераторларды) пайдаланады. Ауыр металдар мен заттарды, радиоактивті қалдықтарды, регенерациялауға жататын мұнай өнімдерін алудың тиімді әдістері әзірленген өндіріс және тұтыну қалдықтарын полигонға қабылдауға жол берілмейді.

Қауіптіліктің 1–3-сыныбындағы сұйық қалдықтарды полигонға шығару алдында паста тәрізді консистенцияға айналдырады. Қалдықтарды сұйық күйінде көмуге жол берілмейді.

Қалдық сақтау қоймаларын СҚА-ны ескере отырып, кенді қайта өңдеу объектісінің өзінде де (бірыңғай өнеркәсіптік алаң шегінде), сол сияқты одан қашықта дербес аймақ да (шеттетілген) орналастырады.

Елді мекендерден және көлік жолдарынан 5 км-ден астам қашықтықта, ауыл шаруашылығы мақсатында жарамсыз жерлерде орналасқан қалдық сақтау қоймасы топырақ беті мен дамба негізінен гамма сәулелену дозасының қуаты табиғи аяның үстінде сағатына 0,3 мкЗв/сағ-тан аспаған жағдайда, қоршалмайды. Қалдық сақтау қоймасының айналасында тиісті ескертуші және тыйым салушы жазбалар қойылады.

Істен шыққан қалдық сақтау қоймасы аумағын кез келген мақсатта пайдалануға жол берілмейді. СҚА аумағында тұрғын үй, балалар объектілерін, әлеуметтік-мәдени және тұрмыстық қызмет көрсету объектілерін салуға, сондай-ақ демалу және спортпен айналысуға арналған орындарын орналастыруға жол берілмейді.

Қалдық сақтау қоймасын орналастыру ауданы оның айналасында қажетті көлемдегі СҚА-ны ұйымдастыру мүмкіндігін көздейді. Оның орналасатын орнын ауданды және объектіні дамытудың перспективалық жоспарымен байланыстырады.

Қалдық сақтау қоймаларын сумен жабдықтау көздері болып табылатын жер бетіндегі судың жиегі созылған орындарда, халық шаруашылығында мәні бар ірі өзендер мен көлдердің ең жақын жиегіне (1000 м кем) тікелей жақын жерде, сондай-ақ одан әрі даму перспективасы бар 50 мыңнан астам тұрғыны бар қалаларда (СҚА-ның өлшеміне сәйкес) орналастыруға жол берілмейді.

Объекті аумағында қалдық сақтау қоймасын өндірістік, әкімшілік және кәсіпорынның тұрмыстық ғимаратынан СҚА көлемінің жартысына тең, бірақ 500 м-ден жақын емес қашықтықта орналастырады.

Қалдық сақтау қоймасын:

- 1) ауыз су бас тоғанынан және балық аулау шаруашылығынан төмен;
- 2) жерасты сулары жинақталатын қалдықтардың төменгі деңгейінен кемінде 2 м көтерілген кезде (қалдық сақтау қоймасын пайдалану кезінде судың көтерілуін еске-

ре отырып) су жатып қалатын топырағының сүзгіштігі төмен (саз, саздақ, тақтатас) жер учаскелерінде орналастырылады. Таңдалған алаңда гидрогеологиялық жағдайы қолайсыз болған жағдайда жерасты суларының деңгейін төмендетуді қамтамасыз ететін іс-шаралар көзделеді.

Қалдық сақтау қоймасын көму алдында оны жер жұмысына қажетті техниканы пайдалануға мүмкіндік беретін кондицияға дейін құрғату бойынша іс-шаралар жүргізіледі.


Көмілген қалдық сақтау қоймасы биіктігі кемінде 2 м қоршаумен қоршалады. Қоршау топырақ беті мен дамба негізінен гамма сәулелену дозасының қуаты табиғи аяның үстінде сағатына 0,3 микрозиверттен аспаған жағдайда, қалдық қоймасына 30 м-ден жақын жерде орналастырылмайды.

Көмілген қалдық сақтау қоймасына бұрын оны пайдаланған объектінің басшысымен осы Санитариялық қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес паспорт толтырады, кейіннен оны жергілікті атқарушы органдарға тапсырады.

Топырақ құнарлылығын қалпына келтіру (жою), консервациялау арнайы салынған қоқыр, қоқыс, қалдық, күл жинауыштар мен үйінділер және басқа да құрылымдардың қоршаған орта мен халықты қорғауды қамтамасыз ететін жобалық шешімдерімен жүргізіледі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексіне Баптар бойынша практикалық түсіндірме (№ 2 шығарылым)»



Түсіндірме авторларының құрамына түсіндірмелері еңбек заңнамасының нормаларын дұрыс қолдануға себеп болатын, тәжірибелі заңгерлер, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің еңбек қатынастары, жалақы, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы мамандары кірді.

Кітап барлық меншік нысанындағы кәсіпорындардың басшылары мен жұмыскерлеріне, заңгерлерге, кадр қызметінің, еңбек құқығының мамандарына, ғалымдарға, оқытушыларға, аспиранттарға, заң және экономикалық жоғары оқу орындарының студенттеріне, сондай-ақ оқырмандардың кең ауқымына арналған.

«Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі. Баптар бойынша практикалық түсіндірме» кітабына тапсырыс беру үшін www.ppk.mcfr.kz сайтында өтінімді толтырып, ekd@mcfr.kz электрондық мекенжайына жіберу қажет.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар арқылы біле аласыз:

+7 (727) 323-62-13, 323-62-29

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актілерді, олардың мерзімдерін ұзарту және күшін жою туралы қосымша актілерді тіркеу қағидалары

«Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актілерді, олардың мерзімдерін ұзарту және күшін жою туралы қосымша актілерді, тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау мерзімдерін тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту, қатысушылар құрамын өзгерту және тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну және олардың нәтижелері туралы хабарламаларды тіркеу қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының м. а. 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 162 бұйрығы

Күшіне енді: 2021.01.01

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының м.а.
2020 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 162 бұйрығына 1-қосымша

Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актілерді, олардың мерзімдерін ұзарту және күшін жою туралы қосымша актілерді, тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау мерзімдерін тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту, қатысушылар құрамын өзгерту және тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну және олардың нәтижелері туралы хабарламаларды тіркеу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актілерді, олардың

мерзімдерін ұзарту және күшін жою туралы қосымша актілерді, тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау мерзімдерін тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту, қатысушылар құрамын өзгерту және тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну және олардың нәтижелері туралы хабарламаларды тіркеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды (бұдан әрі – профилактикалық бақылау мен қадағалау) тағайындау туралы актілерді, олардың мерзімдерін ұзарту және күшін жою туралы қосымша актілерді, тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау мерзімдерін тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту, қатысушылар құрамын өзгерту және тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну және олардың нәтижелері туралы хабарламаларды тіркеу тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) тәуекелдерді бағалау жүйесі – тексерулерді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау мақсатында бақылау және қадағалау органы жүргізетін іс-шаралар кешені (бұдан әрі – профилактикалық бақылау мен қадағалау);

2) тексерілетін объектілер – бақылау мен қадағалауға жататын тексерілетін субъектінің меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі мүлкі;

3) Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі (бұдан әрі – ТСОБТ) – тіркеу және есепке алу субъектісіненгізетін тексеру, профилактикалық бақылау және қадағалау туралы мәліметтері бар, сондай-ақ электрондық нысанда олардың тіркелуі жүзеге асырылатын ақпараттық жүйе;

4) тексерілетін субъектілер – қызметіне бақылау мен қадағалау жүзеге асырылатын жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, оның ішінде мемлекеттік органдар, заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері;

5) тіркеу және есепке алу субъектілері – қызметіне бақылау мен қадағалау жүзеге асырылатын жеке тұлғалардың, заңды тұлғалардың, оның ішінде мемлекеттік органдардың, заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерінің қызметіне тексеру жүргізуге Қазақстан Республикасының заңдарымен уәкілеттік берілген мемлекеттік органдар;

6) уәкілетті орган – өз құзыреті шегінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

7) QR-код – матрицалық штрихкодтар немесе екі өлшемдік штрихкодтар түрі.

3. Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актілерді, олардың мерзімдерін ұзарту және күшін жою туралы қосымша актілерді, тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау мерзімдерін тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту, қатысушылар құрамын өзгерту және тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы

профилактикалық бақылау мен қадағалау туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну және олардың нәтижелері туралы хабарламаларды тіркеу тәртібі мыналарды:

тексеру, профилактикалық бақылау және қадағалауды тағайындау туралы актілерді (бұдан әрі – тағайындау туралы акті);

тексеру және профилактикалық бақылау мен қадағалау мерзімін ұзарту туралы қосымша актілерді (бұдан әрі – қосымша актілер);

тексеру нәтижелері туралы актілерді, анықталған бұзушылықтар бойынша нұсқамаларды есепке алуды, тексеру және профилактикалық бақылау мен қадағалау туралы ақпараттық есептік құжаттарды (бұдан әрі – АЕҚ) ұсынуды тіркеуді, бас тартуды, күшін жоюды қамтиды.

АЕҚ-ке осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысанда «Мемлекеттік орган жүзеге асыратын тексеру, профилактикалық бақылау және қадағалау туралы мәліметтерді есепке алу карточкасы» (бұдан әрі – № 1-П карточкасы), осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысанда тексеруді, профилактикалық бақылау мен қадағалауды тоқтата тұру немесе қайта бастау, сондай-ақ оларға қатысушылардың құрамын өзгерту туралы талон-хабарлама (бұдан әрі – талон-хабарлама), осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысанда профилактикалық бақылау мен қадағалауды тексеру нәтижелері туралы талон (бұдан әрі – нәтижелер туралы талон).

4. Тексеруді және профилактикалық бақылау мен қадағалауды есепке алуды ТСОБТ-да уәкілетті орган жүзеге асырады.

Тексерулерді профилактикалық бақылау мен қадағалауды тіркеу және есепке алудың электрондық форматы, мемлекеттік органдардың тәуекелдерін процестерін автоматтандыру, мемлекеттік органдардың тексерулерін тіркеуді жүзеге асыру кезінде өзара іс-қимылды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік органдардың бақылауы мен қадағалауын жүзеге асыру жөніндегі ведомстволық жүйелермен интеграциялау ТСОБТ-да қалыптастырылады.

ТСОБТ-ны қалыптастыру және жүйелердің өзара іс-қимылы тиісті нормативті құқықтық актінің болуына және техникалық дайындығына сүйене отырып, тексерілетін тексеру субъектілерінің (объектілерінің), сондай-ақ мемлекеттік органның аумақтылық принциптеріне сәйкес электрондық форматта кезең-кезеңмен жүзеге асырылады.

2-тарау. Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актілерді, олардың мерзімдерін ұзарту және күшін жою туралы қосымша актілерді, тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау мерзімдерін тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту, қатысушылар құрамын өзгерту және тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну және олардың нәтижелері туралы хабарламаларды тіркеу, сондай-ақ ТСОБТ-ны жүргізу тәртібі

5. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі – Салық кодексі)

сәйкес мемлекеттік кірістер органдары жүзеге асыратын қарама-қарсы тексерулерді қоспағанда, тағайындау туралы акт, қосымша акт міндетті түрде уәкілетті органда тіркеледі.

1-параграф. Тағайындау туралы актілерді, қосымша актілерді тіркеу

6. Тағайындау туралы актілерді тіркеу профилактикалық бақылау мен қадағалау басталғанға дейін электрондық немесе қағаз нысанда бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) тұрған жеріндегі уәкілетті органда жүзеге асырылады.

Тіркеу және есепке алу субъектісі тағайындау туралы актіні бақылау және қадағалаудың әрбір субъектісіне ресімдейді.

Кәсіпкерлік Кодекстің 140, 144-баптарымен көзделген жағдайларда тексеруді тағайындау туралы актіні тіркеу тексеру басталған күннен кейінгі жұмыс күні ішінде уәкілетті органда тіркеу жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 15-3-бабында көзделген жағдайда тексерулерді тағайындау туралы актілері тексеру және профилактикалық бақылау мен қадағалау басталғаннан кейін уәкілетті органда екі жұмыс күнінен кешіктірмей тіркеледі.

Қосымша акті уәкілетті органда бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) тұрған жерінде тексеру және профилактикалық бақылау мен қадағалау аяқталғанға дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық немесе қағаз нысанда уәкілетті органда тіркеледі.

7. Тағайындау туралы актілерді, қосымша актілерді электрондық тіркеу ТСОБТ-да тіркеу және есепке алу субъектісі № 1-П нысанды карточканың деректемелерін толтыра отырып тексеру парағындағы профилактикалық бақылауға және қадағалауға жататын талаптарды көрсете отырып, мынадай құжаттарды қоса бере отырып жүзеге асырады:

1) Кәсіпкерлік Кодекстің 144-бабы 3-тармағымен көзделген жоспардан тыс тексеруді тағайындауға негіз.

Жоспардан тыс тексеруді тіркеу үшін негіз:

Кәсіпкерлік Кодекстің 144-бабының 3-тармағының 1-1) тармақшасы тіркеу және есепке алу субъектісі анықталған елеулі және елеусіз бұзушылықтарды жою бойынша нұсқамаларды орындамау немесе бұзушылықтарды жою туралы ақпаратты бір реттен көп бермегені туралы ақпаратты ұсынады;

Кәсіпкерлік Кодекстің 144-бабының 3-тармағының 2), 3), 4) тармақшалары тіркеу және есепке алу субъектісі тіркеу кезінде нақты зиян келтіру немесе құқықтарды бұзушылық, не зиян келтіру қаупі туындау фактілерін дәлелдейтін ақпаратты уәкілетті органға ұсынады;

Кәсіпкерлік Кодекстің 144-бабы 3-тармағының 7) тармақшасымен көзделген тексерілетін мәселе шеңберінде тексерілетін субъектінің азаматтық-құқықтық қатынастарының материалдарын ұсынады;

2) Кәсіпкерлік Кодекстің 147-бабы 1-тармағына сәйкес тексерудің басталғаны туралы және профилактикалық бақылау мен қадағалау туралы хабарлама.

Тіркеу және есепке алу субъектісі уәкілетті органның аумақтық органына Кәсіпкерлік

Кодекстің 144-бабының 6, 8-тармақтарында, 146-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларда оны жүргізу үшін негіз болған материалдарды ұсынады.

8. Тексерулерді, профилактикалық бақылауды және қадағалауды есепке алудың ведомстволық автоматтандырылған жүйелерін жүргізу кезінде осы Қағидалардың 7, 11-тармақтарында көрсетілген құжаттар интеграциялық өзара іс-қимыл арқылы ТСОБТ-ға жіберіледі.

9. Тағайындау туралы актілерді, қосымша актілерді тіркеген жағдайда тіркеу және есепке алу субъектісі QR-кодтары көрсетілген осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысанда ТСОБТ-дан электрондық нысанда тексеру тағайындау туралы актіні, осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысанда электрондық нысанда қосымша актіні басып шығарады.

10. Техникалық істен шығу (бұдан әрі – техникалық ақау) (сөніп қалу/электрмен қоректендіру немесе байланыс жүйелері істен шыққан жағдайда, ақпараттық жүйелеріндегі ақау) ТСОБТ-ға қол жеткізу болмаған жағдайда тіркеу және есепке алу субъектісі уәкілетті органға осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тексерулерді және профилактикалық бақылауды және қадағалауды тіркеудің қағаз журналында тіркеу үшін қағаз форматтағы тағайындау туралы актіні, қосымша актіні жібереді.

Осы Қағидаларға тиісінше 7-қосымшаға сәйкес нысанда тексеруді тағайындау туралы акт, осы Қағидаларға тиісінше 8-қосымшаға сәйкес нысанда қосымша акт, осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тексеруді тағайындау туралы, профилактикалық бақылау және қадағалау тағайындау туралы актілерді, тексеру, профилактикалық бақылау және қадағалау мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актіні тіркеу туралы мөртабанды қағаз форматта ұсыну арқылы тіркеледі.

11. Тағайындау туралы актілерді, қосымша актілерді қағаз форматта тіркеу кезінде тіркеу және есепке алу субъектісі:

- 1) осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген құжаттарды;
- 2) тағайындау туралы актінің немесе қосымша актінің түпнұсқасы мен көшірмесін екі данада;
- 3) Кәсіпкерлік Кодекстің 24-бабының талаптарына сәйкес кәсіпкерлік субъектісінің санын растайтын құжатты ұсынады;
- 4) Тексерілуге жататын талаптарды көрсете отырып тексеру парағы.

12. техникалық істен шығу болған жағдайларда тіркеу және есепке алу субъектісі осы Қағидалардың 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша акт жасайды.

Техникалық ақауды жою сәтінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмеген мерзімде тіркеу және есепке алу субъектісі ТСОБТ-ға тіркеу нөмірлерін сақтай отырып, қағаз нысандарда ұсынылған мәліметтерді енгізеді.

13. Тіркеу және есепке алудың бір субъектісінің қызметкерлерінде ТСОБТ-ға қол жеткізу болмаған жағдайда, басқа тіркеу және есепке алу субъектісінде немесе уәкілетті органда ТСОБТ-ға қол жеткізу арқылы (заңды тұлғаның дербес ЭЦҚ кілтін қолдану керек) АЕҚ мәліметтерін енгізуге рұқсат етіледі.

14. Уәкілетті органның қызметкері осы Қағидалардың 7, 11-тармақтарында көрсетілген құжаттарды тіркеу және есепке алу субъектісі берген күннен бастап екі жұмыс күні (жұмыс уақытын ескере отырып) ішінде, мыналарды:

1) Қазақстан Республикасының тексеру өткізу саласындағы қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес қағаз форматтағы тағайындау туралы акті, қосымша акті;

2) АЕҚ-ның толық толтырылуын, графикалық көшірмелердің болуын және сапасын (оқу мүмкіндігі);

3) осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында атап өтілген құжаттардың уақтылы ұсынылуын, тағайындауға негіздер болған материалдардың бар болуын, тексеру немесе профилактикалық бақылау және қадағалау мерзімі мен кезеңділігін, тексеру және есепке алу субъектісінің аумақтылық принципін сақталуын тексереді.

Тексеру нәтижелері бойынша уәкілетті органның қызметкері мынадай әрекеттердің бірін қабылдайды:

1) тіркеу;

2) тіркеу үшін қажетті графикалық көшірмелерді салмаған, толық салмаған, сапасыз (оқуға мүмкіндік жоқ) салған, сондай-ақ тіркеу және есепке алу субъектісі аумақтылық принципін бұзған жағдайда пысықтауға қайтару;

3) тіркеуден бас тартуды қолдану.

Осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген тағайындау туралы актілерді, қосымша актілерді тіркеуден бас тарту үшін негіздер болған жағдайда осы Қағидалардың тиісінше 11-қосымшасына сәйкес нысанда электрондық форматта тексеру тағайындау туралы, профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актіні, тексеру немесе профилактикалық бақылау мен қадағалау мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актіні тіркеуден бас тарту (күшін жою) туралы және осы Қағидалардың тиісінше 12-қосымшасына сәйкес нысанда қағаз форматта қорытынды рәсімделеді.

2-параграф. Тағайындау туралы актілерді, қосымша актілерді тіркеуден бас тарту

15. Тағайындау туралы актілерді, қосымша актілерді тіркеуден бас тарту мынадай негіздердің бірі болған кезде жүргізіледі:

1) жартыжылдық кестеде көрсетілмеген ерекше тәртіп бойынша тексеру тағайындау және оны өткізу;

2) тәуекелдерді бағалау жүйесін қолданбастан не қолдануды бұза отырып немесе тексеру жүргізудің кезеңділігін және (немесе) еселігін бұза отырып қолдану арқылы жартыжылдық кестеге сәйкес ерекше тәртіп бойынша тексеру тағайындау;

3) тіркеу және есепке алу субъектісінің құзыреттеріне кірмейтін мәселелер бойынша тексеру тағайындау, тексеруге тиісті өкілеттіктері жоқ адамдарға тапсырумен тең;

4) тексеруді және профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындауда не оларды мерзімін ұзартуды белгіленген шектеулі мерзімдерден асыру немесе оны уақтылы ұзартпау;

5) иесі бүркемеленген өтініш бойынша тексеру тағайындау;

6) Кәсіпкерлік Кодекстің 151-бабының 6) тармақшасының талаптарын бұза отырып тексеру тағайындау;

7) профилактикалық бақылау мен қадағалау тізімінде көрсетілмеген, тәуекелдерді

бағалау жүйесін есепке алмастан, кезеңділігі және еселігін бұза отырып, профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау;

8) профилактикалық бақылау мен қадағалаудың тізіміне сәйкес тәуекелдерді бағалау жүйесін есепке алмастан, кезеңділігі және еселігін бұза отырып, профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау;

9) жоспардан тыс тексеру тағайындауға негіз болатын жазбаша растаудың болмауы (сұрау салу, тапсырма, арыз, шағым, өтініш, қарсы тексеру тағайындау кезіндегі актінің көшірмесі және заңнамада көзделген өзге де негіздер);

10) жоспардан тыс тексеру тағайындауға негіз болған құжатта көрсетілген уақыт аралығы шеңберінен немесе дәлелдерден тыс шығатын мәселелер немесе кезең бойынша тексеру тағайындау;

11) тексеруді немесе профилактикалық бақылау мен қадағалауды ұйымдастыру мен жүргізудің тәртібі мен шарттарын реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын бұзу;

12) міндетті түрде хабарлау туралы талап Кәсіпкерлік Кодекспен және басқа да Қазақстан Республикасының тексеру өткізу саласындағы қолданыстағы заңнамасының талаптарымен көзделген кезде тексеру субъектісіне алдағы тексеру немесе профилактикалық бақылау мен қадағалау туралы хабарлау деректерінің болмауы немесе Кәсіпкерлік Кодекстің 147-бабының 1-тармағында көзделген хабарлау тәртібін бұзу;

13) жоспардан тыс тексеру нәтижелері бойынша не тексеруді және профилактикалық бақылау мен қадағалауды ерекше тәртіппен жүргізу бойынша өрескел бұзушылық болмаған кезде Кәсіпкерлік Кодекстің 144-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жоспардан тыс тексеру тағайындау, сол сияқты, егер олардың нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталмаған болса, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың орындалуын бақылау мәселесі бойынша тексеру тағайындау;

14) тексеруді немесе профилактикалық бақылау мен қадағалауды ұйымдастыру мен жүргізудің тәртібі мен шарттарын немесе профилактикалық бақылау мен қадағалауды реттейтін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын талаптарын бұзу.

16. Тағайындау туралы актілерін, қосымша актілерін тіркеуден бас тартылған тіркеу және есепке алу субъектісі уәкілетті органның жоғары тұрған лауазымды адамына немесе сотқа шағымдануына құқылы.

3-параграф. Тексеруді, профилактикалық бақылау мен қадағалауды аяқтау, алып тастау, оның күшін жою кезінде АЕҚ-ны, сондай-ақ талон-хабарламаны ұсыну

17. Тіркеу және есепке алу субъектісі уәкілетті органға талон-хабарламаны мынадай жағдайларда:

1) Кәсіпкерлік Кодекстің 147-бабының 5-тармағында көзделген тәртіппен тексеруге қатысатын адамдардың құрамы өзгерген кезде;

2) Қазақстан Республикасының тексеру өткізу саласындағы заңнамасында көзделген тексеруді немесе профилактикалық бақылау мен қадағалауды тоқтата тұру және қайта бастау кезінде;

3) Кәсіпкерлік Кодекстің 148-бабында көзделген жағдайларда тексеруді немесе профилактикалық бақылау мен қадағалауды ұзарту кезінде енгізіледі.

Бұл ретте, Салық кодексінің 146-бабында көзделген талаптарды қоспағанда, тексеруді, профилактикалық бақылау мен қадағалауды тоқтата тұру және қайта бастау себептерін көрсету қажет.

18. Тексеру аяқталған соң, әр тексеру тағайындау туралы акті бойынша тексеру нәтижелері туралы тек бір акті ғана шығарылады.

Профилактикалық бақылау мен қадағалау аяқталған соң тек бір профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері туралы қорытынды немесе нұсқама шығарылады.

19. Тексеру, профилактикалық бақылау мен қадағалау мерзімі аяқталған соң, тіркеу және есепке алу субъектісі (аяқталу мерзімінен кешіктірмей) ТСОБТ-да осы Қағидалардың тиісінше 13-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тексеру нәтижелері туралы талонды толтырады, оның мәліметтері бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тексеру нәтижелері туралы актісін қоспағанда, осы Қағидалардың тиісінше 14-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тексеру нәтижелері туралы электрондық акт және бұзушылықтарды жою туралы нұсқама автоматты түрде қалыптастырылады.

Осы Қағидалардың 7-тармағында көзделген жағдайларда тіркеу және есепке алу субъектісі тексеру және профилактикалық бақылау мен қадағалаудың аяқталу мерзімінен кешіктірместен, уәкілетті органға осы Қағидаларға тиісінше 15-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тексеру, профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері туралы талонды, Қазақстан Республикасы Ұлтық Банкінің тексеру нәтижелері туралы актісін қоспағанда, осы Қағидаларға тиісінше 16-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тексеру нәтижелері туралы актіні, бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы қоса бере отырып, ұсынады.

20. Тексеру немесе профилактикалық бақылау мен қадағалау аяқталғанға дейін оларды жүргізуден бас тартқан не тоқтатқан жағдайда тіркеу және есепке алу субъектісі тиісті шешім қабылданғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде растайтын құжаттарды қоса бере отырып, уәкілетті органға талон-хабарлама жібереді.

21. Тексеруді немесе профилактикалық бақылау мен қадағалауды жарамсыз деп (заңсыз) (тіркеу және есепке алу субъектісімен немесе сотпен) таныған жағдайда тіркеу және есепке алу субъектісі тексеру немесе профилактикалық бақылау мен қадағалауды жарамсыз деп (заңсыз) тану туралы талонды шешім қабылданғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде растайтын құжаттарды қоса бере отырып жібереді.

22. Тексеруді немесе профилактикалық бақылау мен қадағалауды уәкілетті органда тіркеусіз жүргізу туралы факті анықталған жағдайда тіркеу және есепке алу субъектісі осы Қағидалардың 7, 10-тармақтарында атап өтілген құжаттарды тексеру нәтижелері туралы талонды ұсына отырып, анықталған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде уәкілетті органға жібереді.

23. Тексеру тәртібінің, өткізу мерзімі, оны ұзарту, тоқтату, қайта бастау, тексерулерді тағайындау, нәтижелері және аяқталуы туралы актілерді рәсімдеу ерекшеліктері:

мемлекеттік кірістер органдарында – Салық кодексімен;

мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарында – «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» 2015 жылғы 12 қарашадағы Заңымен, Республикалық

бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 17-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылауды жүргізу қағидаларымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12557 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 19 наурыздағы № 392 бұйрығымен бекітілген Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылауды жүргізу қағидаларымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16689 болып тіркелген);

мемлекеттік реттеу, бақылау және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын қадағалауды жүзеге асыратын органдар үшін «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңы;

прокуратура органдарында – «Прокуратура туралы» 2017 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңымен айқындалады.

Кәсіпкерлік Кодекстің 140-бабының 4-тармағына сәйкес осы баптың 3-тармағында көрсетілген тексерулерді жүргізу тәртібі және бұл ретте туындайтын қатынастар Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

Кәсіпкерлік Кодекстің 13-тарауының күші Кәсіпкерлік Кодекстің 129-бабының 4, 5-тармақтарында көзделген қатынастарға қолданылмайды.

4-параграф. Тексеруді тағайындау туралы актілерді, тексеру және профилактикалық бақылау мен қадағалау мерзімін ұзарту туралы қосымша актіні тіркеудің күшін жою

24. Тағайындау туралы актілерді, қосымша актілерді тексеру өткізу саласындағы қолданыстағы заңнама нормаларын бұза отырып тіркеген жағдайларда, уәкілетті органның аумақтық органының бірінші басшысымен қабылданған шешімдердің күші жойылады.

Тағайындау туралы актілерді, қосымша актіні тіркеудің күшін жою үшін тағайындау туралы актілерді, қосымша актіні тіркеуден бас тарту туралы қорытынды шығарылады.

Күшін жою туралы қорытынды екі данада шығарылып, шешім қабылданған күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей тіркеу және есепке алу субъектісіне жіберіледі.

Тағайындау туралы актілерді, қосымша актілерді тіркеудің күшін жою туралы қорытындыда Қазақстан Республикасының тексеру өткізу саласындағы қолданыстағы заңнамасының және осы Қағидалар талаптарының нақты бұзушылықтары көрсетіледі.

Электронды тіркеудің күшін жойған жағдайда уәкілетті органның қызметкері тіркеу және есепке алу субъектісіне уәкілетті органның жауапты қызметкерінің және оның бірінші басшысының электрондық-цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған тағайындау туралы актіні, қосымша актіні тіркеудің күшін жою туралы талон жібереді.

5-параграф. ТСОБТ-ны жүргізу

25. Тіркеу және есепке алу субъектілері тексерулердің, профилактикалық бақылау мен қадағалаудың және тәуекелдерді басқару процестерінің есебін қалыптастыруға және жүргізуге ТСОБТ-ға енгізу арқылы электрондық нысанда қатысады.

Тексерулерді, профилактикалық бақылау мен қадағалауды тіркеу мен есепке алудың ведомстволық автоматтандырылған жүйесі болмаған кезде тіркеу мен есепке алу субъектісі ТСОБТ-ны пайдаланады.

ТСОБТ-ға енгізілген мәліметтердің шынайылығын, толықтығын, объективтілігін және уақтылығын қамтамасыз ету тіркеу және есепке алу субъектісінің басшысына, тексеру жүргізуге жауапты адамға жүктеледі.

№ 1-П карточкасының деректемелерін, тексеру нәтижелері туралы талон мен талон-хабарламаларды тексеру жүргізуге жауапты адам толтырады.

26. ТСОБТ-ға қол жетімділікті заңды тұлғаларға арналған ЭЦҚ кілттері болған жағдайда тіркеу және есепке алу субъектісінің электрондық өтінімді жіберуі арқылы уәкілетті орган қамтамасыз етеді.

Тіркеу және есепке алу субъектілері ТСОБТ-ға аумақтылық және ведомстволық бағыныстылық принципінә сәйкес қол жеткізе алады.

ТСОБТ-да тіркеуді уәкілетті органның қызметкері жүзеге асырады.

Электронды форматта құрастырылған құжаттарды тіркеу және есепке алу субъектілері және уәкілетті органның қызметкерлері ЭЦҚ арқылы куәландырады.

27. ТСОБТ АЕҚ түзетуді уәкілетті органның (лауазымды адамның) уәжді өтініші (қолдаухаты) негізінде уәкілетті органның аумақтық органы жүргізеді.

АЕҚ-ті түзетуді осы бағытқа жетекшілік ететін уәкілетті органның аумақтық органының бөлім бастығы оның себебін көрсете отырып жүргізеді.

Соның негізінде тағайындау туралы актілер қалыптастырылатын АЕҚ деректемелері түзетуге жатпайды.

28. «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз жеткізгіште шығарылған және электрондық форматта қалыптастырылған тағайындау туралы акті, қосымша акті тең күшке ие.

3-тарау. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүзеге асыратын тексерулерді тағайындау туралы актілерді тіркеу және есепке алу туралы» 1-П нысанды есепті, сондай-ақ ерекше тәртіп бойынша тексерулер жүргізудің жартыжылдық кестелерін және профилактикалық бақылау мен қадағалау тізімдерін қалыптастыру

29. № 1-П карточкалары, тексеру нәтижелері туралы талон және талон-хабарлама мәліметтерінің негізінде уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері осы Қағидалардың **17-қосымшасына** сәйкес нысан бойынша «Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүзеге асыратын тексерулерді тағайындау туралы актілерді, тіркеу және есепке алу туралы» № 1-П нысанды есепті (бұдан әрі – № 1-П есеп) қалыптастырады.

№ 1-П есептері әрбір аймақ бойынша және мемлекеттік органдар бойынша электронды форматта тоқсан сайын ұлғаю қорытындысымен қалыптастырылады және оны уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің бірінші басшысы не оның міндетін атқаратын адам есептік кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне бекітеді.

Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің № 1-П есептері деректерінің негізінде

уәкілетті органның орталық аппараты тіркеу және есепке алу субъектілері мен аймақтар бөлігінде № 1-П жиынтық есебін қалыптастырады.

Республика бойынша № 1-П нысанды жиынтық есепті уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне ұсынады.

30. Ерекше тәртіп бойынша тексерулер жүргізудің жартыжылдық кестесі осы Қағидалардың тиісінше 18-қосымшасына сәйкес нысан бойынша, профилактикалық бақылау мен қадағалаудың жартыжылдық тізімі осы Қағидалардың тиісінше 19-қосымшасына сәйкес нысан бойынша рәсімделеді.

Тіркеу мен есепке алу субъектілері жартыжылдық кестелер мен тізімдердің сәйкес келмейтін нысандарын ұсынған жағдайда уәкілетті орган оларды алған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде бұзушылықтарды жою үшін қайтарады.

Тіркеу мен есепке алу субъектілері бұзушылықтарды жояды және олар қайтарылған сәттен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей жартыжылдық кестелерді, тізімдерді бекітеді және уәкілетті органға жібереді.

Бұл ретте, тексерулер жүргізудің жартыжылдық графиктері және профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізудің жартыжылдық тізімдері құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға Кәсіпкерлік Кодекстің 141-бабының 2, 3-тармақтарында көзделген мерзімдерде ұсынылады.

31. Тіркеу мен есепке алу субъектілері есепті тоқсаннан кейінгі айдың бесінші күнінен кешіктірмей уәкілетті органға осы Қағидалардың 20-қосымшасына сәйкес нысан бойынша кәсіпкерлік субъектілері бөлігінде Кәсіпкерлік Кодекстің 140-бабының 3-тармағында көрсетілген жоспардан тыс тексерулерді тағайындау туралы актілер жөніндегі жалпы мәлеметтерді ұсынады.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының м. а.
2020 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 162 бұйрығына 2-қосымша

Күші жойылған кейбір бұйрықтардың тізбесі

1) «Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актілерді, олардың мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актілерді тіркеу және олардың күшін жою, тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау мерзімдерін тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту, қатысушылар құрамын өзгерту туралы хабарламаларды тіркеу және тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау, және олардың нәтижелері туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 13 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу

тізілімінде № 13171 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 29 ақпанда жарияланған);

2) «Тексеруді тағайындау туралы актілерді, тексеруді тоқтата тұру, қайта бастау, оның мерзімдерін ұзарту туралы, қатысушылар құрамын өзгерту және тексеру мен оның нәтижелері туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну туралы хабарламаларды тіркеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 13 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2017 жылғы 22 мамырдағы № 53 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15255 болып тіркелген, Нормативтік құқықтық актілердің Эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 10 шілдеде жарияланған);

3) «Тексеруді тағайындау туралы актілерді, тексеруді тоқтата тұру, қайта бастау, оның мерзімдерін ұзарту туралы, қатысушылар құрамын өзгерту және тексеру мен оның нәтижелері туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну туралы хабарламаларды тіркеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 13 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 10 қыркүйектегі № 110 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17545 болып тіркелген, Нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 19 қазанда жарияланған);

4) «Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2020 жылғы 2 шілдедегі № 82 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы өзгерістер мен толықтыру енгізілетін кейбір бұйрықтарының Тізбесінің 13-тармағы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20920 болып тіркелген, Нормативтік құқықтық актілердің Эталондық бақылау банкінде 2020 жылғы 8 шілдеде жарияланған).

АҚПАРАТ

«ХҚЭДО-Қазақстан» ЖШС Дамыту және білім беру бағдарламаларын іске асыру бөлімі семинарлар ұйымдастырады және өткізеді

050009, Алматы қ, Шевченко көшесі, 165б,
Радостовец көшесінің қиылысы, 72г, 712 кеңсе
Тел./факс: +7 (727) 237-77-03, +7 (727) 323-62-14,
+7 (727) 323-62-15, +7 (727) 323-62-29 (ішкі: 106, 107, 108)

Жетекшісі: А. Нұрқасымова +7 777 273 32 28
Менеджерлер: К. Қарабекова +7 702 953 01 07,

Электрондық мекенжай: seminar@mcf.kz

Біздің сайтымыз: www.seminar.mcf.kz

Өтінімді жүктеу

Семинарлардың кестесі

Көшпелі семинарлар ұйымдастырылады

Міндетті медициналық қарап-тексеруді жүргізу және «Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өту» мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары мен кезеңділігі

«Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және «Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м. а. 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығы

Күшіне енді: 2020.31.11

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
міндетін атқарушы
2020 жылғы 15 қазандағы
№ ҚР ДСМ-131/2020
бұйрығына 1-қосымша

Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтары, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемі

№	Міндетті медициналық қарап-тексеруге жататын адамдардың нысаналы топтары	Алдын ала медициналық қарап-тексерулер (жұмысқа тұру немесе оқуға түсу кезінде)	Мерзімді медициналық қарап-тексерулер	
		Зертханалық және функционалдық зерттеулер	Зертханалық және функционалдық зерттеулер	Қарап-тексеру мерзімділігі
1	2	3	4	5
1	Қоғамдық тамақтану және тамақ өнеркәсібі объектілерінің жұмыскерлері	Флюорография	Флюорография	Әрбір 12 ай сайын

		Гельминт жұмыртқаларына, мерезге, дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері, патогенді стафилококк қоздырғыштарын тасымалдаушылыққа зерттеп-қарау	Гельминт жұмыртқаларына, дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері, патогенді стафилококк қоздырғыштарын тасымалдаушылыққа зерттеп-қарау	Әрбір 6 ай сайын
2	Азық-түлік саудасы объектілерінің жұмыскерлері, азық-түлік тауарларын тасымалдаумен айналысатын адамдар	Флюорография, гельминт жұмыртқаларына, мерезге, дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері, патогенді стафилококк қоздырғыштарын тасымалдаушылыққа зерттеп-қарау	Флюорография, гельминт жұмыртқаларына, дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері, патогенді стафилококк қоздырғыштарын тасымалдаушылыққа зерттеп-қарау	Әрбір 12 ай сайын
3	Кремді-кондитерлік өндірістер мен балалардың сүтханасының жұмыскерлері	Флюорография	Флюорография	Әрбір 12 ай сайын
		Гельминт жұмыртқаларына, мерезге, дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері, патогенді стафилококк қоздырғыштарын тасымалдаушылыққа зерттеп-қарау	Гельминт жұмыртқаларына, дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері, патогенді стафилококк қоздырғыштарын тасымалдаушылыққа зерттеп-қарау	Әрбір 6 ай сайын
4	Жолаушыларға қызмет көрсету ұйымдарының (теміржол вокзалдары, аэровокзалдар, әуежайлар, теңіз және өзен вокзалдары, автовокзалдар, метрополитендер) жұмыскерлері	Флюорография	Флюорография	Әрбір 12 ай сайын
5	Жолаушылар поездарының жолсеріктері, өзен, теңіз және авиакөлік стюартары	Флюорография, гельминт жұмыртқаларына, мерезге, дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдаушылыққа зерттеп-қарау	Флюорография, гельминт жұмыртқаларына, мерезге, дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдаушылыққа зерттеп-қарау	Әрбір 12 ай сайын
6	Бастауыш, жалпы орта, кәсіптік, жоғары білім беретін оқу орындарының, мектептен тыс мекемелердің, компьютерлік клубтардың жұмыскерлері	Флюорография	Флюорография	Әрбір 12 ай сайын (оқу жылы басталу алдында – маусым, шілде, тамыз)
7	Балаларды және жасөспірімдерді маусымдық сауықтыру ұйымдарының жұмыскерлері	Флюорография	Флюорография	Әр 12 ай сайын (маусым басталар алдында)
		Гельминт жұмыртқаларына, мерезге, дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымал-	Гельминт жұмыртқаларына, мерезге, дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымал-	Әрбір 6 ай сайын

		даушылыққа зерттеп-қарау	даушылыққа зерттеп-қарау	
8	Мектепке дейінгі ұйымдардың, мектеп-интернаттардың, балалардың жыл бойы жұмыс істейтін сауықтыру ұйымдарының, балалар үйлерінің, отбасылық үлгідегі үйлердің жұмыскерлері	Флюорография Гельминт жұмыртқаларына, мерезге, дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдаушылыққа, патогенді стафилококкты тасымалдаушылыққа зерттеп-қарау	Флюорография Гельминт жұмыртқаларына, мерезге, дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдаушылыққа, патогенді стафилококкты тасымалдаушылыққа зерттеп-қарау	Әрбір 12 ай сайын Әрбір 6 ай сайын
9	Перзентханалардың (бөлімшелердің), балалар ауруханаларының (бөлімшелерінің), жаңа туған нәрестелер патологиясы бөлімшелерінің, шала туған нәрестелер бөлімшелерінің және ауылдық ауруханалардың аралас бөлімшелері стационарларының және күндізгі стационарлардың медицина жұмыскерлері. Меншік нысанына қарамастан ұйымдардың медицина жұмыскерлері	Флюорография Гельминт жұмыртқаларына, мерезге, дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері, патогенді стафилококк қоздырғыштарын тасымалдаушылыққа зерттеп-қарау	Флюорография Гельминт жұмыртқаларына, мерезге, дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері, патогенді стафилококк қоздырғыштарын тасымалдаушылыққа зерттеп-қарау	Әрбір 12 ай сайын Әрбір 6 ай сайын (әрбір 12 ай сайын – кіші медицина персоналы)
10	Қан қызметі ұйымдарының медицина персоналы, хирургиялық, гинекологиялық, акушериялық, гематологиялық, стоматологиялық бөлімдеріндегі медицина жұмыскерлері және диагностика мен емдеудің инвазивті әдістерін жүргізетін медицина жұмыскерлері, гемодиализбен айналысатын медицина персоналы, сондай-ақ вирусологиялық, бактериологиялық, клиникалық, иммунологиялық және паразитологиялық зертханалардың медицина персоналы	Флюорография, АИТВ-ға зерттеп-қарау В вирустық гепатиті мен С вирустық гепатитінің маркерлеріне зерттеп-қарау	Флюорография АИТВ-ға зерттеп-қарау, В вирустық гепатиті мен С вирустық гепатитінің маркерлеріне зерттеп-қарау	Әрбір 12 ай сайын Әрбір 6 ай сайын (әрбір 12 ай сайын – кіші медицина персоналы)
11	Санаторийлердің, демалыс үйлерінің, пансионаттардың, интернаттардың және мүгедектер мен қарттарға арналған үйлердің жұмыскерлері, үйге барып қызмет көрсететін	Флюорография, гельминт жұмыртқаларына, дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдаушылыққа зерттеп-қарау	Флюорография, гельминт жұмыртқаларына, дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдаушылыққа зерттеп-қарау	Әрбір 12 ай сайын

	медициналық-әлеуметтік жұмыскерлер			
12	Қызмет көрсету саласының (моншалар, себезгі бөлмелері, сауналар, шаштараздар, косметологиялық салондар, кір жуатын орындар, химиялық тазалау) жұмыскерлері, бассейндер мен сумен емдеу орындарының, балшықпен емдеу орындарының, спорттық сауықтыру ұйымдарының жұмыскерлері, қонақ үйлердің, мотельдердің, жатақханалардың, кемпингтердің менеджерлері, әкімшілері, қабаттарының меңгерушілері	Флюорография	Флюорография	Әрбір 12 ай сайын
		Гельминт жұмыртқаларына, мерезге зерттеп-қарау. Тері жабынының бүтіндігін бұза отырып манипуляцияларды жүзеге асыратын объектілердің жұмыскерлері В және С вирустық гепатиттерінің маркерлеріне тексеріледі	Гельминт жұмыртқаларына, мерезге зерттеп-қарау, В және С вирустық гепатиттерінің маркерлеріне зерттеп-қарау	Әрбір 6 ай сайын
13	Дәрілік заттарды дайындаумен, буып-түюмен және сатумен айналысатын дәріханалардың, фармацевтикалық ұйымдардың (зауыттар, фабрикалар) жұмыскерлері	Флюорография	Флюорография	Әрбір 12 ай сайын
14	Су дайындауға тікелей қатысы бар су құбыры құрылыстарының жұмыскерлері, су құбыры желілеріне қызмет көрсететін адамдар, өндірістік зертханалардың, сумен жабдықтау және кәріз объектілерінің жұмыскерлері	Флюорография, гельминт жұмыртқаларына, мерезге, дизентерия; сальмонеллез; іш сүзегі; А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдаушылыққа зерттеп-қарау	Флюорография, гельминт жұмыртқаларына, мерезге, дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдаушылыққа зерттеп-қарау	Әрбір 12 ай сайын
15	Жалпы білім беретін мектептердің, арнаулы орта және жоғары оқу орындарының оқушылары (студенттері) міндетті медициналық қарап-тексеруге жататын жұмыскерлер ретінде ұйымдарда практикадан өту алдында және оның кезеңінде	Флюорография. Зертханалық және функционалдық зерттеулер практикадан өтетін ұйымның санатына сәйкес жүргізіледі	Флюорография	Практикадан өту кезеңінде 12 айда 1 рет
			Зертханалық және функционалдық зерттеулер оқушылар (студенттер) практикадан өтетін ұйымның санатына сәйкес жүргізіледі	
16	Оқуға түсетін адамдар	Флюорография, гельминт жұмыртқаларына, мерезге, психикаға белсенді әсер ететін заттарға зерттеп-қарау	Зертханалық және функционалдық зерттеулер оқуға түсу алдында жүргізіледі	

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
міндетін атқарушы
2020 жылғы 15 қазандағы
№ ҚР ДСМ-131/2020
бұйрығына 2-қосымша

**Міндетті медициналық қарап-тексерулерді жүргізу қағидалары мен мерзімділігі
және «Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу»
мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Міндетті медициналық қарап-тексерулерді жүргізу қағидалары мен мерзімділігі және «Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу» мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 86-бабының 6-тармағына, 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 185-бабына сәйкес, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленген.

2. Қағидалар міндетті алдын ала, мерзімдік, ауысым алдындағы (рейс алдындағы), ауысымнан кейінгі (рейстен кейінгі), оның ішінде халықтың декреттелген тобын медициналық қарап-тексерулердің тәртібі мен мерзімділігін айқындайды, «Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексеруден өту» мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін регламенттейді.

**2-тарау. Міндетті медициналық қарап-тексерулерді жүргізу тәртібі
және мерзімділігі**

3. Міндетті медициналық қарап-тексерулер алдын ала, мерзімдік және ауысым алдындағы (рейс алдындағы), ауысымнан кейінгі (рейстен кейінгі) болып бөлінеді.

4. Міндетті алдын ала, мерзімдік, ауысым алдындағы (рейс алдындағы), ауысымнан кейінгі (рейстен кейінгі) медициналық қарап-тексерулерді «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес белгіленген үлгідегі мемлекеттік лицензиясы бар медициналық ұйымдар жүргізеді.

**1-параграф. Міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулерді жүргізу
тәртібі және мерзімділігі**

5. Міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер (бұдан әрі – алдын ала қарап-тексерулер) жұмысқа тұру немесе оқуға түсу кезінде кәсібі немесе оқу бойынша міндеттерді орындауға жарамдылығын анықтау, сондай-ақ жалпы, кәсіптік аурулардың алдын алу және инфекциялық және паразиттік ауруларды таратпау мақсатында жүргізіледі.

6. Алдын ала қарап-тексеруден өту кезінде қызметкер немесе оқуға түсетін адам өзінде айналасындағыларға қауіп төндіретін және ауыр жұмыстар, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстар жағдайларында еңбекке медициналық қарсы көрсетілімдер болып табылатын созылмалы аурулардың болуы туралы мәліметтерді өз еркімен ұсынады.

7. Медицина қызметкерлері алдын ала қарап-тексеруді жүргізу кезінде аурулар анықталған жағдайда, зерттелетін адамды зертханалық және аспаптық зерттеулер жүргізе отырып, толық қарап-тексеруге жібереді.

8. Алдын ала қарап-тексеру деректері Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес бекітілген нысан бойынша амбулаториялық пациенттің медициналық карта-сына қызметкердің немесе оқуға түсетін адамның денсаулық жағдайының орындалатын жұмысқа (оқуға) сәйкестігі немесе сәйкес еместігі және оның еңбекке қарсы көрсетілімдерінің болуы туралы қорытындыны ресімдей отырып енгізіледі.

9. Алдын ала қарап-тексеруден өткен және зиянды өндірістік факторлары бар жұмысқа жарамды деп танылған адамдарға Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес бекітілген нысан бойынша медициналық анықтама беріледі.

2-параграф. Міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексерулерді жүргізу тәртібі және мерзімділігі

10. Міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексерулер (бұдан әрі – мерзімдік қарап-тексеру) жұмыс істейтіндердің денсаулық жағдайын динамикалық бақылауды қамтамасыз ету, аурулардың бастапқы белгілерін уақтылы анықтау, жалпы, кәсіптік аурулардың алдын алу және инфекциялық және паразиттік ауруларды таратпау мақсатында жүргізіледі.

11. Мерзімдік қарап-тексерулер әрбір 6 ай, 12 ай сайын мерзімділікпен Кодекстің 86-бабының 6-тармағына сәйкес белгіленген нысаналы топтарға байланысты жүргізіледі.

12. Зиянды өндірістік факторлармен жұмыс істейтіндерге мерзімдік қарап-тексеру жүргізу кезінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық (оның ішінде көліктегі) бөлімшелері:

1) медициналық қарап-тексерудің толық қамтылуын, сапасын және уақтылы өткізілуін бақылауды жүзеге асырады;

2) жұмыскерлерді медициналық қарап-тексеру нәтижелерін қорытуға қатысады;

3) мыналардың:

жұмыскер жұмыс істейтін ұйымға (кәсіпорынға) қызмет көрсететін медициналық ұйымның;

жұмыскердің тіркелген орны бойынша медициналық ұйымның;

кәсіптік патология бойынша мамандандырылған көмек көрсететін медициналық ұйымның;

жұмыскерге жұмыс берген жеке және заңды тұлғалардың сұрау салуы бойынша еңбек жағдайларының санитариялық-эпидемиологиялық сипаттамасын ұсынады.

13. Медициналық ұйым медициналық қарап-тексеруді жүргізу үшін дәрігерлік комиссияның құрамын құрады және бекітеді және зиянды өндірістік факторлардың ерекшелігін ескере отырып, зертханалық және басқа да зерттеулердің түрі мен көлемін, халықтың

санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерімен келісілген медициналық қарап-тексеруге жататын контингенттің тізімдерін алғаннан кейін дәрігерлік комиссияның жұмыс уақыты мен мерзімдерін айқындайтын күнтізбелік жоспар (бұдан әрі – Жоспар) жасайды. Жоспар ұйымның (кәсіпорынның) әкімшілігімен (жұмыс берушімен) келісіледі.

14. Дәрігерлік комиссияның құрамына мынадай медицина қызметкерлері кіреді: кәсіптік патология бойынша даярлықтан өткен терапевт, хирург, невропатолог, оториноларинголог, офтальмолог, дерматовенеролог, гинеколог, рентгенолог, функционалдық диагностика жөніндегі дәрігер, дәрігер-зертханашы.

Дәрігерлік комиссияның төрағасы кәсіптік патология бойынша кәсіптік қайта даярлаудан өткен және маман (кәсіптік патолог) сертификаты бар дәрігер-кәсіптік патолог болып табылады.

Дәрігерлік комиссияның жұмысына кәсіптік патология бойынша даярлықтан өткен басқа да мамандар (стоматолог, кардиолог, аллерголог, эндокринолог, фтизиатр, гематолог) тартылады. Медициналық қарап-тексерулерге қатысатын медицина қызметкерлері жұмыс беруші ұсынған өндірістік факторлар сипаттамасымен және жұмыскерлердің еңбек жағдайларымен танысады.

15. Медициналық қарап-тексеру жүргізу аяқталғаннан кейін күнтізбелік 30 күн ішінде дәрігерлік комиссияның төрағасы нәтижелерді қорытындылайды, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 4 данада қорытынды акті жасайды, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық (оның ішінде көліктегі) бөлімшелеріне ұсынады.

Қорытынды актіге басқа жұмысқа ауыстыру ұсынылған, стационарлық және санаторийлік-курорттық емдеу, емдеу-профилактикалық тамақтану, динамикалық бақылау көрсетілген адамдардың атаулы тізімі қоса беріледі.

Қорытынды акті медициналық ұйымның басшысы қол қойғаннан кейін орындау үшін ұйымның (кәсіпорынның) әкімшілігіне, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық (оның ішінде көліктегі) бөлімшелеріне жіберіледі, бір данасы медициналық қарап-тексеру жүргізген медициналық ұйымда қалады.

16. Міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексеру жүргізген медициналық ұйым әрбір жұмыскердің тексеру нәтижелерін медициналық ақпараттық жүйеге енгізеді.

17. Медициналық ұйым осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық (оның ішінде көліктегі) бөлімшелеріне жүргізілген медициналық қарап-тексеру нәтижелері туралы жиынтық есепті ұсынады.

18. Қарап-тексеру деректері Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес бекітілген нысан бойынша амбулаториялық пациенттің медициналық картасына енгізіледі. Қарап-тексеруге қатысатын әрбір медицина қызметкері кәсіптік жарамдылығы туралы өз қорытындысын береді.

Жұмыстан босатылған және басқа ұйымға (кәсіпорынға) ауысқан кезде амбулаториялық пациенттің медициналық қарап-тексеру деректері бар медициналық картасы жаңа жұмыс орны бойынша медициналық ұйымға беріледі.

19. Мерзімдік қарап-тексеруді жүргізу қорытындылары бойынша инфекциялық немесе паразиттік аурулар диагностикаланған, орындалатын жұмысқа қарсы көрсетілімдер болып табылатын инфекциялық аурулар қоздырғыштарының тасымалдаушылығы анықталған жағдайда медициналық ұйымның жауапты медицина қызметкері халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелеріне шұғыл хабарлама жібереді және науқасты тиісті медициналық ұйымға емдеуге жібереді.

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық (оның ішінде көліктегі) бөлімшелері шұғыл хабарлама алғаннан кейін мұндай адамдарды жұмыстан шеттетеді.

20. Жұмыс беруші ұйымға (кәсіпорынға) қызмет көрсететін медициналық ұйыммен немесе жұмыскердің тіркелген жері бойынша аумақтық медициналық ұйыммен бірлесіп:

1) Кодекстің 86-бабының 4-тармағына сәйкес бекітілетін, Зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін басшылыққа ала отырып, кейіннен халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық (оның ішінде көліктегі) бөлімшелерімен келісе отырып, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті медициналық қарап-тексеруге жататын адамдардың тізімін 1 желтоқсаннан кешіктірмей жасайды;

2) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық (оның ішінде көліктегі) бөлімшесімен келісілген жұмыскерлерді сауықтыру және еңбек жағдайларын жақсарту жөніндегі жыл сайынғы іс-шаралар жоспарын әзірлейді;

3) медициналық қарап-тексеруден өтпеген немесе денсаулық жағдайлары бойынша еңбекке жарамсыз деп танылған адамдарды немесе еңбекке қарсы көрсетілімдері бар адамдарды жұмысқа жібермейді;

4) жұмыскерде кәсіптік ауру анықталған жағдайда, қорытынды актінің негізінде жұмыскердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауымен аурудың байланысына сараптама жүргізу үшін кәсіптік патология бойынша мамандандырылған көмек көрсететін медициналық ұйымға уақтылы жіберуді қамтамасыз етеді;

5) жұмыскерлерге жүргізілген медициналық қарап-тексеру нәтижелері бойынша қорытынды актінің ұсынымдарын орындайды.

21. Медициналық қарап-тексеру нәтижелері бойынша ұйымға (кәсіпорынға) қызмет көрсететін медициналық ұйым немесе жұмыскердің тіркелген орны бойынша аумақтық медициналық ұйым кейіннен жұмыскердің топтардың біріне, оның ішінде диспансерлік топқа тиесілілігін айқындай отырып және кәсіптік аурулардың және әлеуметтік мәні бар аурулардың профилактикасы бойынша ұсынымдарды бере отырып, одан әрі мынадай санаттар бойынша бақылау, емдеу және оңалту бойынша:

1) оңалтуды қажет етпейтін дені сау жұмыскерлер;

2) әртүрлі ағзалары мен жүйелерінде тұрақты емес функционалдық өзгерістері бар, іс жүзінде дені сау жұмыскерлер;

- 3) жалпы аурулардың бастапқы түрлерімен ауыратын жұмыскерлер;
- 4) кәсібінде жұмысын жалғастыруға қарсы көрсетілім болып табылатын, сондай-ақ қарсы көрсетілім болып табылмайтын жалпы аурулардың айқын нысандары бар жұмыскерлер;
- 5) организмге зиянды өндірістік факторлар әсерінің белгілері бар жұмыскерлер;
- 6) кәсіптік аурулардың белгілері бар жұмыскерлер топтарын құрады.

22. Жалпы аурулардың айқын нысандары бар жұмыскерлер медициналық ұйымдарға оңалтуға жіберіледі.

23. Медициналық оңалтудан кейін олардың кәсіптік жарамдылығына сараптама жүзеге асырылады. Кәсіптік еңбекке жарамды деп танылған жұмыскерлер жалпы аурулардың бастапқы нысандары бар адамдар тобында диспансерлік бақылауға жатады.

24. Организмге зиянды өндірістік факторлардың әсер ету белгілері мен кәсіптік аурулардың белгілері бар, сондай-ақ өзінде бар ауруға байланысты кәсіптік жарамдылығын анықтау қиын болған жағдайларда және кәсіптік жарамдылыққа сараптама жүргізу мақсатында кәсіптік патология бойынша мамандандырылған көмек көрсететін медициналық ұйымға жіберіледі.

25. Халықтың декреттелген топтары кәсіптерінің тізбесі, сондай-ақ қарап-тексерулердің көлемі мен жиілігі тиісті аумақтың Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына сәйкес нақты әкімшілік аумақта эпидемиологиялық көрсетілімдер болған кезде толықтырылады.

3-параграф. Міндетті ауысым алдындағы (рейс алдындағы) және ауысымнан кейінгі (рейстан кейінгі) медициналық қарап-тексерулерді жүргізу тәртібі және мерзімділігі

26. Міндетті ауысым алдындағы (рейс алдындағы) медициналық қарап-тексеру (бұдан әрі – ауысым алдындағы қарап-тексеру) жеке тұлғада ауруды анықтау немесе барын немесе жоқтығын растау, денсаулық жағдайын, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздығын, жұмысқа түсетін ауысымда (рейс) кәсіптік жарамдылығын, оның ішінде алкогольдік ішімдіктерді, есірткі, психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуды немесе осындай тұтынудың қалдық көріністерін анықтау мақсатында жүргізіледі.

27. Ауысымнан кейінгі (рейстан кейінгі) медициналық қарап-тексеру (бұдан әрі – ауысымнан кейінгі қарап-тексеру) жұмыс күні (ауысым, рейс) аяқталғаннан кейін жұмыс ортасы мен еңбек процесінің зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторларының жұмыскерлердің денсаулық жағдайына әсер ету белгілерін, жіті кәсіптік ауруды немесе улануды, алкогольдік ішімдіктерді, есірткі, психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуды немесе осындай тұтынудың қалдық көріністерін анықтау мақсатында жүргізіледі.

28. Жұмыс берушілер Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін жұмыскерлерді ауысым алдындағы (рейс алдындағы), ауысымнан кейінгі (рейстан кейінгі) міндетті медициналық қарап-тексеруден уақтылы өткізуді өз қаражаты есебінен қамтамасыз етеді.

29. Ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі қарап-тексерулерді жүргізу үшін ұйым немесе медициналық ұйым жылыту, сумен жабдықтау, кәріз, жарықтандыру жүйелерімен жабдықталған, медициналық жабдықтармен және құрал-саймандармен жабдықталған арнайы үй-жай бөледі.

30. Ауысым алдындағы қарап-тексеру жұмыс ауысымы (кезекшілік) басталар алдында жүргізіледі, ауысымнан кейінгі қарап-тексеру жұмыс ауысымынан (кезекшіліктен) кейін маршруттық (жол) парақты, нарядты орындауға арналған тапсырманы көрсеткен жағдайда жүргізіледі.

31. Ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі қарап-тексерулер жеке жүргізіледі және мыналарды:

1) сауалнама алу, тексерілетін адамның сыртқы түрін, жүрісін, қалпын, мінез-құлқының барабарлығын және эмоциялық реакцияларды, сөйлеудің байланыстылығы мен нақтылығын, мимикасын, санасын, тері жабындары мен көрінетін шырышты қабықтардың жай-күйін, аққабықтың бояуын, қарашықтың шамасын, тыныс алу ерекшеліктерін қарап-тексеруді және бағалауды;

2) артериялық қысымды, тамыр соғуының жиілігі мен сапалық сипаттамаларын өлшеу және бағалау, қажет болған жағдайда дене температурасын өлшеуді (шағым немесе көрсетілім болған кезде) қамтиды.

32. Шағым, аурудың объективті белгілері және организмнің функционалдық жай-күйінің бұзылуы болмаған жағдайда тексерілген адам жұмысқа жіберіледі.

33. Ауысым алдындағы және/немесе ауысымнан кейінгі медициналық қарап-тексеруді жүргізген және алкогольдік ішімдіктерді, есірткі, психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтыну белгілерін немесе жұмыскерде осындай тұтынудың қалдық көріністерін (ауыздан алкогольдің иісі, қалыптың тұрақсыздығы, сөйлеудің бұзылуы, қол саусақтарының айқын дірілдеуі, тері жабынының түсінің өзгеруі, алкотест сынамасының оң көрсеткіші) анықтаған медицина қызметкері шешім қабылдайды және белгілерді анықтаған сәттен бастап екі сағаттан кешіктірмей жұмыскерді медициналық ұйымға медициналық куәландыруға жібереді.

34. Алкогольдік ішімдіктерді, есірткі, психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынудың анықталған жағдайлары немесе осындай тұтынудың қалдық көріністері туралы ақпарат жұмыс берушіге дереу хабарланады.

35. Медицина қызметкерлері аталған мамандық бойынша жұмыс істейтін адамдарды шеттету себептерін талдайды және талдау негізінде тәуекел топтарын құрады, оған алкогольдік ішімдіктерді, есірткі немесе психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға бейім, ұзақ және жиі ауыратын (созылмалы аурулардан зардап шегетін) адамдар кіреді.

36. Көрсетілген кәсіп бойынша жұмыс істейтіндерді науқастану себебі бойынша шеттету жағдайлары туралы, сондай-ақ тәуекел топтарына кіретін көлік құралдарының жұмыскерлері туралы ақпарат ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жұмыс берушінің жауапты адамына беріледі.

37. Ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі медициналық қарап-тексеруді жүргізу нәтижелері осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыскерлерді ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі медициналық қарап-тексеруді жүргізу журналында (бұдан әрі – Журнал) тіркеледі.

38. Журнал қағаз тасығышта жүргізіледі, оның беттері тігілуі, нөмірленуі, ұйымның мөрімен бекітілуі немесе дербес деректер туралы заңнаманың талаптары ескеріле отырып және міндетті түрде бетті басып шығарудың мүмкіндігі ескеріле отырып, электрондық тасығышта жүргізіледі. Журнал электрондық түрде жүргізілген жағдайда оларға енгізілген мәліметтер электрондық қолтаңбамен куәландырылады.

39. Көлік құралдары жұмыскерлерін ауысым алдындағы (рейс алдындағы) және ауысымнан кейінгі (рейстен кейінгі) медициналық қарап-тексерудің нәтижелері жол парағында күні, уақыты көрсетіле отырып, мөртабанмен және медицина қызметкерінің қолымен және жұмыскердің өзінің қолымен не QR-коды бар стикермен белгіленеді. Толтырылған Журнал және электрондық тасығыштағы деректер жұмыс берушінің мұрағатында 5 жыл бойы сақталады.

40. Ұшқыштарды, бортинженерлерді (бортмеханиктер, бортоператорлар, бортрадистер), штурмандарды, авиадиспетчерлерді, бортсеріктерді, сондай-ақ әуе қозғалысына қызмет көрсететін мамандарды (пилоттарды, авиадиспетчерлерді) даярлау жөніндегі оқу орындарындағы персоналды және онда оқитын және оқуға түсетін адамдарды медициналық қарап-тексеру Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 5 маусымдағы № 324 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15325 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында медициналық куәландыру және қарап-тексеру қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

3-тарау. «Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексеруден өту» мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

41. «Алдын ала міндетті медициналық қарап – тексеруден өту» мемлекеттік көрсетілетін қызметін медициналық денсаулық сақтау ұйымдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

42. Көрсетілетін қызмет процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын «Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексеруден өту» мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.

43. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке тұлға «Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексеруден өту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 6-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын ұсына отырып, көрсетілетін қызметті берушіге жүгінеді.

Медициналық қарап-тексеру кабинетінің мейіргері (бұдан әрі – мейіргер) құжаттар топтамасын тексереді, көрсетілетін қызметті алушыны медициналық қарап-тексеруден өту үшін мамандарға жібереді.

Бейінді мамандар көрсетілетін қызметті алушының денсаулық жағдайына медициналық қарап-тексеру жүргізеді. Көрсетілетін қызметті беруші басшысының бұйрығымен тағайындалған жауапты медицина қызметкері бейінді мамандар қорытындыларының нәтижелерін және зертханалық-аспаптық тексеру нәтижелерін қорытындылайды және денсаулық жағдайының нәтижелері туралы қорытынды шығарады.

44. Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.

45. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету дәрежесі туралы деректерді Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

46. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтау (қоғамдық денсаулық сақтау) басқармаларының интернет-ресурстарында, сондай-ақ медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымдардың интернет-ресурстарында орналастырылған.

4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

47. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына және (немесе) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беруге болады.

48. Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

49. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Электр қондырғыларының техникалық жай-күйін және оларды пайдалану қауіпсіздігін бақылау үшін электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді жүзеге асыратын ұйымдар басшыларының, мамандарының техникалық пайдалану қағидалары мен қауіпсіздік техникасы қағидаларын білуіне біліктілік тексерулер жүргізу қағидалары

«Электр қондырғыларының техникалық жай-күйін және оларды пайдалану қауіпсіздігін бақылау үшін электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді жүзеге асыратын ұйымдар басшыларының, мамандарының техникалық пайдалану қағидалары мен қауіпсіздік техникасы қағидаларын білуіне біліктілік тексерулер жүргізу қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 18 наурыздағы № 210 бұйрығы (2020.09.12 берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 18 наурыздағы
№ 210 бұйрығымен
бекітілген

Электр қондырғыларының техникалық жай-күйін және оларды пайдалану қауіпсіздігін бақылау үшін электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді жүзеге асыратын ұйымдар басшыларының, мамандарының техникалық пайдалану қағидалары мен қауіпсіздік техникасы қағидаларын білуіне біліктілік тексерулер жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Электр қондырғыларының техникалық жай-күйін және оларды пайдалану қауіпсіздігін бақылау үшін электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді жүзеге асыратын ұйымдар басшыларының, мамандарының техникалық пайдалану қағидалары мен қауіпсіздік техникасы қағидаларын білуіне біліктілік тексерулер жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Электр энергетикасы туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі

Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 40) тармақшасына, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және «Электр қондырғыларының техникалық жай-күйін және оларды пайдалану қауіпсіздігін бақылау үшін электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді жүзеге асыратын ұйымдар басшыларының, мамандарының техникалық пайдалану қағидалары мен қауіпсіздік техникасы қағидаларын білуіне біліктілік тексеру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет тәртібін айқындайды (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) басшылар – электр және жылу энергиясын өндіру, беру негізгі қызмет түрі болып табылатын ұйымдарда бірінші басшының (басқарма төрағасы, бас директор, директор), оның техникалық мәселелер жөніндегі, өндіріс жөніндегі орынбасарының (егер электр және жылу энергиясын өндіру, беру ұйымның негізгі қызмет түрі болып табылмаса – энергетикалық бөлім басшысының және оның орынбасарының лауазымын атқаратын адамдар); ұйымның бас инженерінің, ұйымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі (бөлімі) басшысының лауазымын атқаратын адамдар.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметінің (бөлімінің) жауапты басшысы болмаған жағдайда ұйымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауға ішкі бақылауды қамтамасыз ету үшін жауапты адамы осы Қағидаларға сәйкес білімді біліктілік тексеруден өтеді;

2) білімді біліктілік тексеру – электр қауіпсіздігі бойынша рұқсат тобын алу, арттыру немесе растау үшін энергетикалық ұйым персоналының өз құзыретіне жататын электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарын білуін тексеру;

3) мамандар – осы Қағидалардың 2-тармағының 1) тармақшасында аталған адамдарды қоспағанда, жұмысты орындау үшін электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес рұқсатты алу талап етілетін жедел, жедел-жөндеу, жөндеу персоналына басшылықты жүзеге асыратын адамдар, сондай-ақ электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді жүзеге асыратын ұйымдардың филиалдарының, цехтарының, қызметтерінің, бөлімдерінің басшылары;

4) электр техникалық персонал – энергетикалық ұйымдарда басқаруды және (немесе) пайдалануды, монтаждауды, ретке келтіруді, техникалық қызмет көрсетуді, жөндеуді, жұмыс режимін басқаруды тікелей жүзеге асыратын жедел, жедел-жөндеу, жөндеу персоналы;

5) электр техникалық емес персонал – «электр техникалық», «электр технологиялық» персонал анықтамасына жатпайтын персонал;

6) электр технологиялық персонал – өзі қызмет көрсететін технологиялық процесте негізгі құрамдық бөлік электр энергиясы болып табылатын, жұмысында қол электр машиналарын, электр дәнекерлеуішті, жарықтандырғыштарды, өлшеу аспаптарын және тасымалды электр құрылғыларын пайдаланатын персонал, сондай-ақ лауазымдық нұсқаулықпен немесе еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықпен Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 253 бұйрығымен бекітілген Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10907 болып тіркелген)

(бұдан әрі – Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидалары) білу белгіленген электр зертханаларының қызметкерлері.

3. Электр қауіпсіздігі бойынша рұқсат тобы Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына сәйкес беріледі.

4. Білімді біліктілік тексеру электр қауіпсіздігі бойынша тиісті рұқсат тобын беру, арттыру немесе растау үшін ұйымдардың басшылары мен мамандарын кәсіби дайындау деңгейі сәйкестігін анықтаудың негізгі тәсілі болып табылады.

5. Білімді біліктілік тексеру үш негізгі түрге:

- 1) бастапқы тексеруге;
- 2) мерзімді (кезекті) тексеруге;
- 3) кезектен тыс тексеруге бөлінеді.

6. Білімді бастапқы біліктілік тексеру үшін тиісті лауазымға қызметкерді қабылдау туралы немесе ауысу туралы ұйым басшылығының өкімдік құжаты (бұйрық) негіз болып табылады.

Білімді бастапқы біліктілік тексеру тиісті лауазымға тағайындалғаннан кейін оқыту және тағылымдама аяқталған соң бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде немесе ұйымның техникалық басшысы бекіткен даярлаудың үлгілік немесе жеке бағдарламасында көрсетілген мерзімде жүргізіледі.

7. Білімді мерзімді (кезекті) және кезектен тыс біліктілік тексеруді жүргізу мерзімдері осы Қағидаларда белгіленген мерзімдер шегінде айқындалады және әрбір жұмыс орны мен білімді соңғы біліктілік тексеру күнін ескере отырып, ұйым басшысының тиісті өкімдік құжатымен (бұйрығымен) ресімделеді.

8. Білімге мерзімді (кезекті) біліктілік тексеру жүргізу үшін осы Қағидаларға сәйкес білімге мерзімді біліктілік тексеру үшін белгіленген мерзімнің аяқталуы негіз болып табылады. Қызметкерлерге арналған білімге мерзімді біліктілік тексеруді тағайындау ұйымның техникалық басшысының (бұған өкілеттігі болған жағдайда, бөлімшенің) жыл сайынғы (бірінші желтоқсанға дейін) бұйрығымен жүзеге асырылады. Бұйрыққа білімі мерзімді біліктілік тексерілуге жататын ұйым адамдарының тізімі әрбір тексерілетін адамға мерзімі көрсетілген график жүзінде қоса беріледі.

9. Білімге мерзімді (кезекті) біліктілік тексеру мерзімі:

1) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметінің басшылары мен мамандары үшін – үш жылда кемінде бір рет.

2) электр техникалық және электр технологиялық персонал үшін, соның ішінде әкімшілік-техникалық персоналды қоспағанда, жедел келіссөздер мен ауыстырулар жүргізуге құқығы бар басшылар мен мамандар үшін – жылына кемінде бір рет.

10. Қызметкердің біліміне біліктілік тексеру жүргізудің белгіленген мерзімдерін ұйымның техникалық басшысы олар аяқталған сәттен бастап, бірақ бір айдан аспайтын мерзімге құжаттық растау кезінде дәлелді себептермен (ауыру, іссапар, демалыс, оқу орындарында оқу) ұзартуы мүмкін.

11. Білімді кезектен тыс біліктілік тексеруді тағайындау үшін мыналар:

1) нәтижесі бойынша комиссия персонал тарапынан технологиялық бұзушылыққа, жазатайым оқиғаға әкеп соққан электр энергетикасы саласындағы құқықтық актілер талаптарының бұзылуын анықтаған технологиялық бұзушылықты тексеру актісін жасау;

2) ұйымның техникалық басшысының шешімі;

3) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша қызмет (бөлім) қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша анықталған бұзушылықтарын жою жөніндегі шараларды қабылдау туралы нұсқаулар оның шарттары болып табылады.

12. Білімді кезектен тыс біліктілік тексеруді тағайындау үшін негіздерге мыналар:

1) егер осы актілердің нормалары ұйым қызметкерінің қызметіне өзгерістер енгізетін болса, электр энергетикасы саласындағы жаңа құқықтық актілерін қолданысқа енгізу, электр энергетикасы саласындағы құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

2) нәтижесінде тергеп-тексеру жөніндегі комиссиясының жазатайым оқиғаға алып келген персонал тарапынан электр энергетикасы саласындағы құқықтық актілер талаптарының бұзылуын анықтаған өндірістегі жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру актісі;

3) нәтижесінде жабдықтың (электр қондырғыларының, ғимараттардың, құрылыстардың) бүлінуі, электр, жылу энергиясын өндіру, беру, тұтынудың белгіленген режимінің бұзылуы орын алған ұйым персоналының, соның ішінде автоматика, релелік немесе технологиялық қорғаныс құрылғыларын реттеу бойынша қате іс-әрекеттерінің фактісі;

4) жобалау, құрылыс-монтаждау, жөндеу, іске қосу-реттеу, сараптама жұмыстары, соның ішінде өлшеулер мен сынаулар кезіндегі персоналдың қате іс-әрекеттерінің фактісі;

5) ұйымда электр энергетикасы саласында жұмыс істеу кезінде ұйымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметінің техникалық басшылары, қызметкерлері тарапынан анықталған бұзушылықтар бойынша бақылаудың болмауы және шаралардың қабылданбауы;

6) жабдықты (жаңасын немесе оны реконструкциялаудан кейін) пайдалануға беруді енгізу, электрлік және технологиялық схемаларды өзгерту кезінде, егер бұл ұйым қызметкерлерінің қызметінде өзгерістерге әкеп соқса, ұйымның техникалық басшысы шешім қабылдамаған кезде, оған қатысты бақылаудың болмауы және шаралардың қабылданбауы;

7) электр энергетикасы саласындағы сараптама, жобалау ұйымдарының соның ішінде өзгерістер мен сынаулар бойынша зертханалардың (электр зертханаларының) мамандары тарапынан электр энергетикасы саласындағы жұмыстар кезінде анықталған бұзушылықтар бойынша бақылаудың болмауы және шаралардың қабылданбауы жатады.

13. Технологиялық бұзушылықты тексеру актісінің нәтижелері бойынша білімді кезектен тыс біліктілік тексеруді тағайындау үшін мыналар:

1) энергетикалық қондырғыларда жұмыс істеу кезінде комиссияның электр, жылу энергиясын өндіру, беру бойынша қызметті жүзеге асыратын ұйымның персоналы тарапынан қауіпсіздік нормаларында жіберілген бұзушылықтарды анықтау;

2) электр энергетикасы саласындағы жұмыстарды (құрылыс-монтаждау, жөндеу, іске қосу-реттеу, сараптама жұмыстары, соның ішінде өлшеулер мен сынаулар) орындау кезінде комиссияның бөгде ұйымдардың қызметкерлері, оның ішінде іссапарға жіберілген персонал тарапынан электр энергетикалық қондырғыларда жұмыстар кезінде қауіпсіздік нормаларының жол берілген бұзушылықтарды анықтау негіз болып табылады.

14. Ұйымның техникалық басшысының шешімі бойынша білімге кезектен тыс біліктілік тексеруді тағайындау үшін:

1) күнтізбелік алты айдан астам мерзім ішінде атқаратын лауазымында лауазымдық міндеттерді орындамау;

2) егер бұл ұйым қызметкерінің қызметіндегі өзгерістерге әкеп соқса, жабдықты (жаңасын немесе оны реконструкциялаудан кейін) пайдалануға беру, электрлік және технологиялық схемаларды өзгерту;

3) ұйымның қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметінің басшылары, қызметкерлері тарапынан ұйымда электр энергетикасы саласындағы жұмыстар кезінде анықталған бұзушылықтар бойынша бақылау және шараларды қабылдау нәтижесі;

4) нәтижесінде еңбекке жарамдылықты уақытша немесе тұрақты жоғалту, кәсіби ауру не өлім, жеке тұлғалар (персонал) үшін жарақат, кәсіби ауру, денсаулығының күрт нашарлауы немесе улануға әкеп соғатын электр энергетикасы саласындағы құқықтық актілердің талаптарын бұзу;

5) осы Қағидалардың 10 және 15-тармақтарында көзделген жағдайлар жатады.

15. Осы Қағидалардың 12–14-тармақтарында көрсетілген білімді кезектен тыс тексеруді тағайындау үшін негіздер толық және жан-жақты болып табылады.

16. Білімді кезектен тыс біліктілік тексеру білімді мерзімді біліктілік тексеру мерзімдерін өзгертпейді.

17. Білімге кезектен тыс біліктілік тексеру тағайындалған сәттен біліктілікті растау күніне дейінгі кезеңде адам электр техникалық емес персоналға теңестіріледі және атқаратын лауазымы бойынша қызметтік міндеттерін орындауға жіберілмейді.

18. Білімге кезектен тыс біліктілік тексеруді жүргізген және біліктілік расталмаған жағдайда, адам басқа лауазымға ауысу арқылы электр техникалық емес персоналға теңестіріледі.

2-тарау. Басшылардың біліміне біліктілік тексеру жүргізу тәртібі

19. Басшылардың біліміне біліктілік тексеруді Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызметті беруші) жүзеге асырады.

20. Жыл сайын, 1 желтоқсанға дейінгі мерзімде ұйымдар мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушіге келесі күнтізбелік жылға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электр қондырғыларының техникалық жай-күйі мен оларды пайдалану қауіпсіздігін бақылау үшін электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді жүзеге асыратын ұйымдардың басшыларында, мамандарында техникалық пайдалану қағидаларын және қауіпсіздік техникасы қағидаларын білуін біліктілік тексеруге жататын басшылардың тізімін жібереді.

Басшыны жұмысқа қабылдау немесе шығару кезінде тиісті ақпарат мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушіге қабылданған (шығарылған) күнінен бастап күнтізбелік 15 күннің ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жіберіледі.

21. Білімді біліктілік тексеруден өту үшін жеке тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге

www.egov.kz, www.elicense.kz «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған (бұдан әрі – ЭЦҚ) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысаны бойынша білімді біліктілік тексеру мерзімінің аяқталу күніне дейін күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей өтініш пен лауазымына тағайындау туралы бұйрығының электронды көшірмесін жолдайды.

Жеке басты куәландыратын құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкімет» шлюзі арқылы алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес «Электр қондырғыларының техникалық жай-күйін және оларды пайдалану қауіпсіздігін бақылау үшін электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді жүзеге асыратын ұйымдар басшыларының, мамандарының техникалық пайдалану қағидалары мен қауіпсіздік техникасы қағидаларын білуіне біліктілік тексеру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты).

Порталда электрондық сұрау салуды қабылдау көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» жүзеге асырылады. Құжаттар құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырылған.

Көрсетілетін қызметті алушы осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген құжаттарды тапсырған кезде портал арқылы өтініштің қабылданғанын растау көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» сұрау салуы туралы мәртебе болып табылады.

22. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері өтініш түскен күні тіркеу номері мен күнін бере отырып құжаттарды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады және тіркелген құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына береді, ол құрылымдық бөлімшенің жауапты орындаушысын анықтайды.

Өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексі негізінде келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

22-1. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде жауапты орындаушы құжаттарды ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық емес ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша одан әрі қараудан бас тарту туралы дәлелді жауапты көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жібереді.

Ұсынылған құжаттар толық болған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тестілеуден өту күні, уақыты және орны туралы хабарламаны немесе осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген мынадай негіздер:

1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректер мен мәліметтердің осы Қағидалар мен Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы № 234 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының энергетикалық ұйымдарында персоналмен жұмыс істеу қағидаларының талаптарына сәйкес келмеуі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10830 болып тіркелген);

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартуды жібереді.

22-2. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себептерін жойған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін қайтадан жүгінеді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды кері қайтарып алған жағдайда, 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті қарауды тоқтату туралы хабарламаны көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жібереді.

22-3. Білімді біліктілік тексеру көрсетілетін қызметті алушыға хабарлама келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Тестілеу көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті берушінің аумақтық құрылымдық бөлімшелері ұсынған орындарда автоматтандырылған компьютерлік тәсілмен мемлекеттік немесе орыс тілдерінде көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша жүргізіледі. Білімді біліктілік тексеруден өтуі қажет шетелдік тұлғалар (резидент еместер) оны осы Қағидаларға сәйкес жалпы негізде өтеді.

22-4. Көрсетілетін қызметті алушы жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде тестілеуге жіберіледі.

Тестілеу кезінде көрсетілетін қызметті алушылар өзара сөйлеспейді, қандай да бір қосымша ақпараттық материалдарды (анықтамалық, арнайы әдебиетті), байланыс құралдарын және электрондық жеткізгіштегі жазбаларды пайдаланбайды.

Тестілеуден өту тәртібін бұзу фактісі анықталған кезде көрсетілетін қызметті алушыны тестілеу тоқтатылады. Осы бұзушылық фактісі бойынша осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тестілеуден өту тәртібін бұзу туралы акт ресімделеді және көрсетілетін қызметті алушыға тестілеудің теріс нәтижесі беріледі.

22-5. Білімді біліктілік тексеру тестілеу нысанында жүргізіледі. Тестілеу уақыты екі сағатты құрайды. Тест сұрақтарының саны 100 сұрақты құрайды. Тестілеу сұрақтары осы Қағидаларға 8-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

Білімді біліктілік тексеруге жататын адамның біліктілігін растаған тестілеу нәтижесін мойындауға негіз болып табылатын дұрыс жауаптардың шекті деңгейі тестілерде қамтылған сұрақтар санының 70 пайызын құрайды.

Тестілеуге бөлінген уақыт өткен соң бағдарлама автоматты түрде жабылады.

Тестілеудің дұрыс жауаптарын есептеу енгізілген компьютерлік бағдарламаның көмегімен автоматты түрде жүргізіледі.

Егер дұрыс жауаптардың саны шекті деңгейден тең немесе жоғары болса, онда көрсетілетін қызметті алушыға монитордағы компьютерлік бағдарлама тестілеудің оң нәтижесі туралы «тестілеуден өтті» деген хабарлама береді.

Егер дұрыс жауаптардың саны шекті деңгейден төмен болса, онда компьютерлік бағдарлама мониторда тестілеудің теріс нәтижесі туралы «тестілеуден өтпеді» деген хабарлама береді.

22-6. Тестілеу нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ол өткен күннен кейінгі 1 жұмыс күнінен кешіктірмей апелляцияға өтініш беру жолымен олардың нәтижесіне шағымдануға құқылы.

Апелляцияға өтінішті қарау үшін көрсетілетін қызметті берушінің бірінші басшысының бұйрығымен басшылардың білімін біліктілік тексеру жөніндегі апелляциялық комиссияның (бұдан әрі – апелляциялық комиссия) құрамы мен ережесі бекітіледі.

Өтініштерді қарауды апелляциялық комиссия өтініш келіп түскен күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде жүргізеді.

22-7. Өтінішті қарау қорытындысы бойынша Апелляциялық комиссия осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Апелляциялық комиссия отырысының хаттамасын (бұдан әрі – хаттама) екі данада ресімдейді.

Хаттаманың бір данасы өтініш берушіге Апелляциялық комиссия отырысы сәтінен 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жіберіледі. Хаттаманың екінші данасы және тестілеу нәтижелерінің көшірмесі мемлекеттік қызметті берушіде сақталады.

Электр энергетикасы саласындағы техникалық пайдалану қағидалары мен қауіпсіздік техникасы қағидаларын білуіне біліктілік тексеруден өту нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліміне біліктілік тексеруден өткен күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде жіберіледі.

23. Білімге бастапқы немесе кезекті біліктілік тексеру кезінде шекті деңгейден төмен тестілеу нәтижесін алған немесе тестілеуге дәлелді себептерсіз келмеген көрсетілетін қызметті алушы атқаратын лауазымы шегінде өз біліктілігін растамаған болып есептеледі. Бұл жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы шекті деңгейден төмен тестілеу нәтижесін алған күннен бастап күнтізбелік 30 күннің ішінде осы Қағидалардың 22-тармағына сәйкес қайта өтініш беру арқылы білімге кезектен тыс біліктілік тексеруден өтеді.

Егер көрсетілетін қызметті алушы білімді кезектен тыс біліктілік тексеру кезінде шекті деңгейден төмен тестілеу нәтижесін алған немесе тестілеуге дәлелді себептерсіз келмеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымынан шеттетіледі.

Осы Қағидаларда белгіленген басшының біліміне біліктілік тексеру жүргізу мерзімінде дәлелді себептермен (ауыру, іссапар, еңбек демалысы, оқу орындарында оқу) келмей қалған жағдайда, пайда болған дәлелді себеп туралы хабарламаны жіберу және ұйым тарапынан кейінгі құжаттық растау кезінде білімге біліктілік тексеру жүргізудің көрсетілген мерзімі мерзімінде келмей қалу себебі болып табылған жағдай аяқталғаннан кейін күнтізбелік 30 күннен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Пайда болған дәлелді себеп туралы хабарламаны ұйым Комитетке білімге біліктілік тексеру жүргізудің өтіп кеткен күнінен кейінгі 3 жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді.

24. Білімге біліктілік тексеруден өту мерзімі алты айдан астам өтіп кеткен кезде ұйымның бірінші басшысының шешімі бойынша басшыға білімге кезектен тыс біліктілік тексеру белгіленеді.

Бірінші басшыға қатысты білімді кезектен тыс біліктілік тексеру жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің құрылтайшысымен немесе акционерлік қоғамның директорлар кеңесімен белгіленеді.

25. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде түседі.

3-тарау. Электр энергетикасы саласындағы техникалық пайдалану қағидалары мен қауіпсіздік техникасы қағидаларын білуін біліктілік тексеру нәтижелеріне шағымдану тәртібі

26. Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына және (немесе) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға жазбаша, ауызша нысанда не электрондық құжат, бейнеконференцбайланыс, бейне жолдау нысанында берілуі мүмкін.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті берушіге «жеке кабинеттен» көрсетілетін қызметті алушының өтінішін өңдеу барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

27. Шағым құзыретіне шағымда қойылған мәселелерді шешу кіретін субъектіге немесе лауазымды тұлғаға жіберіледі.

Шағымда көрсетілетін қызметті алушының атауы, пошталық мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі. Шағымға көрсетілетін қызметті алушының өкілі қол қояды.

Шағым берген кезде әрекетіне шағым жасалатын субъектінің атауы немесе көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамдарының лауазымы, тегі және аты-жөні, өтініш беру себептері мен талаптары көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушіге жазбаша не бейнеүндеу арқылы тікелей жүгінген көрсетілетін қызметті алушыға шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні күні және уақыты көрсетілген талон беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің басшыларына және олардың орынбасарларына бейнеконференцбайланыс немесе бейнеөтініш арқылы шағым жасау тәртібі Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 50 бұйрығымен бекітілген Жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдар басшыларына және олардың орынбасарларына бейнеконференц-

байланыс немесе бейнеөтініш арқылы жүгіну қағидаларымен айқындалады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13206 болып тіркелген).

Заңның 25-бабы 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

28. Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның, орталық мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының, қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің шағымды қарау мерзімі қажет болған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды тұлғасы шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімін ұзарту туралы жазбаша нысанда электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

29. Көрсетілетін қызметті беруші шешімінің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы нәтижелерге сот тәртібімен шағымдана алады.

4-тарау. Мамандардың біліміне біліктілік тексеру жүргізу тәртібі

30. Мамандардың біліміне біліктілік тексеруді жыл сайын энергетикалық ұйым басшысының бұйрығымен білімге біліктілік тексеру жүргізу үшін құрылатын комиссия жүзеге асырады.

31. Жыл сайын, желтоқсанның 25-не дейінгі мерзімде, ұйымдар келесі күнтізбелік жылға білімі біліктілік тексеруге жататын мамандардың тізімін жасайды.

Маманды жұмысқа қабылдау немесе шығару кезінде жоғары аталған тізімге тиісті өзгерістер енгізіледі.

32. Мамандардың біліміне біліктілік тексеруді ұйымдастыруға жауапты адам осы Қағидалардың 31-тармағында көрсетілген тізімге сәйкес білімге біліктілік тексеру жүргізу күніне дейін күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей маманға білімді біліктілік тексеруден өткені туралы жазбаша хабарлама жібереді.

33. Әрбір маманның білімін біліктілік тексеру компьютерлік бағдарламаларды пайдаланып тестілеу түрінде немесе жазбаша түрде жеке өткізіледі.

34. Білімді біліктілік тексеру нәтижесі бойынша осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білімді біліктілік тексеру хаттамасы ресімделеді.

35. Мамандардың біліміне біліктілік тексеру жүргізудің белгіленген мерзімдері, ол аяқталған сәтінен бастап, бірақ құжаттық растау кезінде дәлелді себептер бойынша (ауру, іссапар, еңбек демалысы, оқу орындарында оқу) ұйым басшысымен бір айдан аспайтын мерзімге ұзартылады.

36. Білімге біліктілік тексеруден өту мерзімі алты айдан астам мерзім ішінде ұйым басшысының шешімі бойынша білімге кезектен тыс біліктілік тексеру белгіленеді.


37. Білімге бастапқы немесе мерзімді (кезекті) біліктілік тексеруден өту бойынша мерзімдерді дәлелді себептерсіз бұзған, сондай-ақ өз біліктілігін растамаған мамандардың электр қауіпсіздігі бойынша рұқсат тобы бір бірлікке төмендетіледі және өтіп кеткен мерзімнен немесе электр қауіпсіздігі бойынша рұқсат тобын растамаған (берген) күннен кейінгі күнтізбелік 30 күннің ішінде білімге кезектен тыс біліктілік тексеру белгіленеді.



**Арнайы
жағдайларда
жазылуға
үлгеріңіз**

«ACTUALIS: Кадрлық іс» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖҮЙЕСІ

«ACTUALIS: КАДРЛЫҚ ІС» ЭЖ – бұл нарықта теңдесі жоқ, күн сайын жаңартылатын, көп функциялы анықтамалық-сараптамалық жүйе, кадр қызметінің қызметкерлеріне, еңбекті қорғау жөніндегі мамандарға, іс қағаздарын жүргізушілерге кешенді ақпараттық-құқықтық көмек көрсетуге арналған, оған қолжетімділік Интернет арқылы тәулігіне 24 сағат бойы онлайн-режимде жүзеге асырылады.



**ТЕГІН ІШІНАРА
ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ**
www.vip-kadry.mcfr.kz
сайтында алуға
болады

Жазылуды

8 (727) **323-62-12/13/29** (ішкі 137) телефоны

немесе e-mail: callcentr@mcfr.kz

бойынша ресімдеуге болады

ACTUALIS: КАДРЛЫҚ ІС» ЭЖ-ндегі барлық ақпарат екі: мемлекеттік және орыс тілінде берілген.

«ACTUALIS: КАДРЛЫҚ ІС» ЭЖ – БҰЛ:

- кез келген кадрлық құжаттаманы дайындау кезіндегі ақпаратшы және көмекші;
- сарапшылардың әр түрлі жағдайлар бойынша түсіндірмелері;
- кадрлық қызметті ұйымдастыруға арналған қажетті құжаттардың үлгілері мен мысалдары;
- тұрақты жаңартылатын нормативтік база;
- қойылған сұрақтарға осы саладағы сарапшылардан өз уақытында жауап алу мүмкіндігі.

2021 жылы санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды қалай жүргізу керек

«Санитариялық-эпидемияға қарсы шараларды қалай жүргізу керек «Санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру мен жүргізудің кейбір мәселелері туралы»

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 5 шілдедегі № ҚР ДСМ-78/2020 бұйрығы

Күшіне енді: 2020.06.07

Жалғасы. Басы № 9, 10, 11, 12 сандарда, 2020; 1, 2021

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының
тізбесіне
8-қосымша

«Өндірістік мақсаттағы ғимараттарға және құрылыстарға
қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»
санитариялық қағидаларына
7-қосымша

Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізу кезеңінде көктемгі егіс жұмыстарына тартылған ұйымдар мен жұмыскерлердің қызметіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

1. Ауыл шаруашылығы техникасының және кәсіпорындардың ауыл (шаруа) қожалығы жұмыскерлерінің шығуына карантин аяқталғанға дейін елді мекенге оралмай, «Сергек блок бекеті» дерекқорына міндетті түрде енгізу арқылы рұқсат етіледі.

2. Мамандандырылған техникаларды қаржыландыруды, лизингін және оларға қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін ұйымдардың шығуы міндетті санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, «Сергек блок бекеті» дерекқорына міндетті түрде енгізе отырып, қалаға оралу құқығымен рұқсат етіледі.

3. Жұмыскерлерді тұрғылықты жерінен қызметтік автобуста (автокөлікте жұмыс істеуге және жұмыстан орталықтандырылған жеткізу.

4. Көлік құралының жүргізушісінде қолды өңдеуге арналған антисептиктің және жеке қорғаныш құралдарын (арнайы киім, маскалар мен қолғаптар, көзді қорғау құралдары (бетке) арналған маска және т. б.) болуы, оларды талап етілетін жиілікпен міндетті түрде ауыстыру.

5. Әр рейстің алдында автокөлік салонын дезинфекциялау, кейіннен желдету жүргізіледі.

6. Жұмыскерлердің кіруі мен шығуы үшін автобустарда (шағын) автобустарда барлық есіктердің бір мезетте ашылуы жүзеге асырылады.

7. Жалпы саны отыратын орындар санынан аспайтын маска киген жұмыскерлер салонға жіберіледі.

8. Жұмыскерлер арасында жеке (қоғамдық) гигиена ережелерін сақтау қажеттілігі туралы нұсқама өткізу, сондай-ақ олардың мүлтіксіз сақталуын қадағалау жүргізіледі.

9. Жұмысқа шығуға күнделікті мониторинг жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының
тізбесіне
9-қосымша

«Құрылыс объектілерін салу, реконструкциялау, жөндеу және іске қосу, пайдалану кезінде еңбек және тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына
1-қосымша

Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізу кезеңінде өнеркәсіптік және индустриялық кәсіпорындарға, құрылыс компанияларына (құрылыс салушыларға) қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

1. Өнеркәсіптік және индустриялық кәсіпорындар, құрылыс компаниялары (құрылыс салушылар) технологиялық процеске сәйкес өндірістің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыс кестесіне сәйкес жұмыс істейді.

2. Жұмыскерлерді тұрғылықты жерінен қызметтік автобуста (автокөлікте) жұмыс істеуге және жұмыстан орталықтандырылған жеткізу.

3. Көлік құралының жүргізушісінде қолды өңдеуге арналған антисептикпен және жеке қорғаныш құралдарымен (арнайы киім, маскалар мен қолғаптар, көзді қорғау құралдары/бетке арналған маска және т. б.) қамтамасыз етіледі, оларды талап етілетін жиілікпен міндетті түрде ауыстырады.

4. Әр рейстің алдында автокөлік салонын дезинфекциялау, кейіннен желдетуді жүргізіледі.

5. Жұмыскерлердің кіруі мен шығуы үшін автобустарда (шағын) автобустарда барлық есіктердің бір мезетте ашылуы жүзеге асырылады.

6. Отыратын орын санына сәйкес маска киген жолаушылар салонға жіберіледі.

7. Егер жұмыскерлер жатақханаларда, оның ішінде мобильді, құрылыс алаңының немесе өнеркәсіптік кәсіпорындардың аумағында тұратын болса, COVID-19-ды жұқтырудың алдын алу мақсатында қажетті санитариялық-эпидемиологиялық талаптар мен қауіпсіздік шаралары сақталады.

8. Вирустың таралуын болдырмау үшін зарарсыздандыру жүйесін (орта және ірі кәсіпорындардағы дезинфекциялық тоннельдер) пайдалана отырып объектіге кіруге жол беріледі.

9. Қолдарды осы мақсаттарға арналған тері антисептиктерімен (оның ішінде орнатылған дозаторлардың көмегімен) немесе дезинфекциялайтын майлықтармен өңдеу және осы гигиеналық рәсімнің сақталуына бақылау жүргізіледі.

10. ЖРВИ және тұмау симптомдары бар адамдарды жұмысқа жіберуді болдырмау үшін, ал COVID-19 (құрғақ жөтел, жоғары температура, тыныс алудың қиындауы, енгігу) жоққа шығармайтын симптомдары бар адамдар үшін жанаспайтын термометрия және респираторлық аурулар симптомдарының болуын тексеру жүзеге асырылады.

11. Объектілерде медициналық қызмет көрсету:

1) орта және ірі кәсіпорындарда изоляторы бар медициналық немесе денсаулық пунктiнiң мiндеттi түрде болуы, әр ауысымға дейiн және одан кейiн барлық қызметкерлердi тексерудi қамтамасыз ету үшiн медициналық қызметкерлердiң үнемі болуын;

2) ауаны залалсыздандыру мақсатында медициналық пункттiң (денсаулық пунктiнiң) және адамдар көп жиналатын орындардың кварцтау (мүмкiндiгiнше) режимiн қамтамасыз етудi;

3) медициналық пункттердi қажеттi медициналық жабдықтармен және медициналық бұйымдармен (термометрлер, шпательдер, медициналық маскалар және т. б.) қамтамасыз етудi;

4) медициналық пункттiң (денсаулық сақтау пунктiнiң) медицина қызметкерлерiн ЖҚҚ және дезинфекциялау құралдарымен қамтамасыз етудi көздейдi.

14. Жұмыс процесiн бастағанға дейiн:

1) жұмыскерлер арасында жеке/қоғамдық гигиена ережелерiн сақтау қажеттiлiгi туралы нұсқама жүргiзу, сондай-ақ олардың мүлткiсiз сақталуын қадағалау;

2) медициналық маскаларды немесе респираторларды жұмыс күнi iшiнде оларды уақтылы ауыстыру шартымен пайдалану;

3) жұмыс орындарында антисептиктердiң, әрбiр объектiде дезинфекциялау, жуу және антисептикалық құралдардың азаймайтын қорының болуы;

4) жұмыс күнiнiң басында жанаспайтын термометриямен қызметкерлердi тексеру;

5) жұмысқа шығуға күн сайын мониторинг жүргiзу;

6) объектiде байланыссыз жұмысты енгiзу үшiн технологиялық процестердi автоматтандыруды барынша пайдалану;

7) тұрақты жұмыс орындарының арасында кемiнде 2 метр алшақтықтың болуы (технологиялық процесс мүмкiндiгi болған жағдайда);

8) жұмыскерлер көп жиналатын учаскелердiң жұмысын болдырмау (мүмкiн болған жағдайда жұмыс процесiнiң технологиясын қайта қарау);

9) есiктiң тұтқаларын, ажыратқыштарды, тұтқаларды, сүйенiштердi, тұтқаларды, жана-

сатын беттерді (жұмыскерлердің үстелдерін, орындықтарын, ұйымдастыру техникасын), жаппай пайдаланылатын орындарды (гардеробтар, тамақ ішетін, демалатын бөлмелер, санитариялық тораптар) міндетті түрде дезинфекциялай отырып, ауысымда кемінде 2 рет вирулицидті әсері бар құралдармен дезинфекциялай отырып, өндірістік және тұрмыстық үй-жайларды ылғалды жинау;

10) желдету жүйелері мен ауаны баптау жүйелерінің үздіксіз жұмысы, профилактикалық тексеру, жөндеу, оның ішінде сүзгілерді ауыстыру, ауа өткізгіштерді дезинфекциялау), желдету режимін сақтауды қамтамасыз ету көзделеді.

15. Объектілерде тамақтандыру мен демалысты ұйымдастыру мыналарды көздейді:

1) әр түрлі өндірістік учаскелер жұмыскерлерінің бір уақытта тамақтануын және жиналуын болдырмайтын қатаң белгіленген орындарда тамақ ішуді ұйымдастыру. Барлық қажетті санитариялық нормаларды қамтамасыз ете отырып, цехтар (учаскелер) жанындағы тамақ ішу аймағына (асханаларға) тамақ жеткізуге болмайды;

2) үстелдер арасындағы қашықтықты кемінде 2 метр сақтау және бір стандартты үстелде немесе 4 отыратын орынға есептелген үстелдерде шахматтық тәртіппен 2 жұмысшыдан артық емес отырғызу;

3) бір рет қолданылатын ыдыстарды кейіннен жинау және жою арқылы пайдалану;

4) көп рет қолданылатын ыдысты пайдаланған кезде – ыдысты арнайы жуу машиналарында 65 градустан төмен емес температурада не сол температурада жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, әрбір пайдаланғаннан кейін қолмен өңдеу;

